

**С.Г. Карстина, Л.А. Шкутина, Э.К. Мусенова,
А.К. Тусупбекова, К.М. Маханов**

**Инженерлік және жаратылыстану-
ғылыми бағыттары бойынша
студенттерді даярлауда
корпоративтік оқытудың
инновациялық
нысандарын қолдану бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**Қарағанды
2024**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«АКАДЕМИКА Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ» ҚЕАҚ

**Инженерлік және жаратылыстану-
ғылыми бағыттары бойынша
студенттерді даярлауда
корпоративтік оқытудың
инновациялық
нысандарын қолдану бойынша**

**ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР**

Қарағанды
2024

ӘОЖ 378.147:62

ББК 74.58:30

И59

*Баспаға академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
университеті, физика-техникалық факультет Кеңесі ұсынған
Авторлар:*

**С.Г.Карстина, Л.А.Шкутина, Э.К.Мусенова, А.К.Тусупбекова,
К.М.Маханов**

Пікір жазғандар:

Карманова Ж.А., педагогика ғылымдарының докторы,
профессор.

Смирнова Г.М., педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент.

Омарова Г.С., PhD докторы.

Кудусов А.С., физика-математика ғылымдарының кандидаты

С.Г. Карстина

Инженерлік және жаратылыстану-ғылыми бағыттары бойынша студенттерді даярлауда корпоративтік оқытудың инновациялық нысандарын қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар/
С.Г.Карстина, Л.А.Шкутина, Э.К.Мусенова, А.К.Тусупбекова, К.М.Маханов — Қарағанды: «Типография АРКО» ЖШС, 2024. — 176 б.

ISBN 978-601-204-565-9

Әдістемелік ұсынымдарда инженерлік және жаратылыстану-ғылыми бейіндегі білім беру бағдарламаларын іске асырудағы корпоративтік әріптестік, білім беру бағдарламаларының мазмұнының түлектердің біліктілігі, оқытушылардың құзыреттілігін компаниялардың талаптарына сәйкестігі, студенттерді жұмыс орнында оқытуды іске асырудағы ұйымдастырушылық және әдістемелік тәсілдер, контекстік оқыту әдістерін, тәжірибеге негізделген оқыту, кейс-технологиялар, жағдайаттық есептер, жобалық оқытуды қолдану, студенттердің кәсіби жетістіктерін бағалау және бақылау мәселелері қарастырылған. Әдістемелік ұсынымдарды қолдану кәсіптік пәндер оқытушыларына инженерлік және жаратылыстану-ғылыми бейіндегі студенттерді даярлау кезінде корпоративтік әріптестік нысандарын, тәжірибеге бағдарланған оқыту технологияларын кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде студенттерге оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді және олардың құзыреттерінің еңбек нарығының сұраныстары мен экономиканың қазіргі деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз етеді. Әдістемелік ұсынымдар жоғары оқу орындары мен колледждердің оқытушыларына, әдіскерлерге, корпоративтік, дуальды, тәжірибеге бағытталған оқыту мәселелерімен айналысатын ғалымдарға арналған.

ӘОЖ 378.147:62

ББК 74.58:30

ISBN 978-601-204-565-9

**© С.Г. Карстина, Л.А. Шкутина,
Э.К. Мусенова, А.К. Тусупбекова,
К.М. Маханов**

Мазмұны

	бет
Глоссарий	5
Түсініктеме жазба	10
1 Инженерлік және жаратылыстану ғылымдары бағыттарының студенттерін даярлаудағы корпоративтік әріптестік	12
2 Білім беру бағдарламалары мазмұнының компаниялардың мамандардың біліктілігіне және дағдыларды градациялауға қойылатын талаптарына сәйкестігін бағалау индикаторлары	16
3 Корпоративтік оқыту нысандарын инженерлік және жаратылыстану-ғылыми бейіндерінің білім беру бағдарламаларына интеграциялау үшін кәсіптік пәндер оқытушыларының құзыреттеріне қойылатын негізгі талаптар	20
4 Инженерлік және жаратылыстану ғылымдары бағыты студенттерін даярлау барысындағы оқу жағдайаттары, оларды құру және қолдану технологиялары	23
5 Студенттерді жұмыс орнында оқытудың ұйымдастырушылық және әдістемелік тәсілдері	28
6 Студенттердің практикалық дағдыларын дамыту үшін контекстік оқыту, тәжірибе негізінде оқыту, кейс-технологиялар, жобалық оқыту әдістерін қолдану ерекшеліктері	32
7 Оқытудың корпоративтік нысандарын қолдану барысындағы студенттердің кәсіби жетістіктерін бағалау және мониторингілеу нысандары	39
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	53
Қосымша 1. Кәсіптік пәндер оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарын өткізу, оқу курстарын құру және студенттерді оқыту үшін пайдаланылатын Интернет-ресурстар, оқыту және бағалау сервистері	61
Қосымша 2. Инженерлік және жаратылыстану ғылымдары бағыты бойынша студенттерді даярлауда	82

қолданылатын жағдайаттық есептердің мысалдары.

Қосымша 3. Инженерлік және жаратылыстану бағыттары бойынша студенттерді даярлауға арналған «контекстік оқыту», «тәжірибеге негізделген оқыту», кейс-технологиялары, жобалық оқыту технологияларын қолданылатын тапсырмалардың мысалдары. 109

Қосымша 4. Сыртқы білім беру ресурстары және оқыту сервистері 129

Қосымша 5. Сыртқы білім беру платформаларында және оқыту сервистерінде орындауға арналған кейстік тапсырмалардың мысалдары 146

Глоссарий

Білім беру бағдарламаларының компаниялардың талаптарына сәйкестігін бағалау индикаторлары (СБИ) – маман даярлау процесінің барысын көрсетуге мүмкіндік беретін индикаторлар, студенттердің үлгерімін сапалы және/немесе сандық сипаттамалар арқылы қабылдауға ыңғайлы түрде өлшеуге мүмкіндік береді, білім беру бағдарламаларының мазмұнындағы олқылықтарды және олардың компаниялардың талаптарына сәйкестігін анықтайды, оқыту сапасын жақсарту, түлектердің біліктілігінің компаниялардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар тізбесін айқындайды.

Индикаторлық бағалау - алдын ала әзірленген индикаторлардың (көрсеткіштердің) шектеулі санының мәндерін өлшеу негізінде пайымдау шығарылатын бағалау түрі [1].

Студенттердің кәсіби жетістіктерін бағалау индикаторлары - студенттер көрсеткен білімдердің, дағдылардың, құзыреттердің компанияда белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестік дәрежесін бағалау үшін пайдаланылатын құралдар.

Кейс-технологиялар - студенттердің сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталған практикадан немесе мамандандырылған кейс-банктерден алынған нақты жағдайларды (кейстерді) талдауға негізделген оқыту технологиясы.

Құзырет - білім алушының еңбек нарығында талап етілетін жеке қасиеттері мен белгілі бір кәсіби міндеттерді орындау кәсіби қабілеттерінің кешені.

Құзыреттілік - білім алушы көрсете алатын іс-әрекет, мінез-құлық немесе өнім, кәсіби қызмет шеңберінде білім мен дағдыларды жаңа жағдайларға ауыстыру қабілеті.

Құзыреттілікке бағытталған тапсырма (ҚБТ) - студенттен білімді оқу жағдайынан тыс, белгісіздік жағдайында қолдануды талап ететін, бірақ кәсіби немесе жеке мәселемен мағыналы байланысты оқу тапсырмасы.

Контексттік оқыту - оқытушыға пән мен білім алушыларға таныс және түсінікті нақты өмірлік және/немесе кәсіптік жағдааттар арасындағы байланысты орнатуға көмектесетін, сондай-ақ білім алушыларды күнделікті өмірде және кәсіптік қызметте қолда бар білім мен олардың қолданылуы арасында байланыс орнатуға шақыратын оқыту тұжырымдамасы.

Студенттердің кәсіби жетістіктерін бағалау критерийлері - студенттерді бағалау кезінде олардың білімдерінің, дағдыларының, құзыреттерінің компанияда белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестік дәрежесін анықтау үшін қолданылатын талаптар мен көрсеткіштер кешені.

3D-бағалау әдісі - жеке өзін-өзі бағалауды, студенттің кәсіби қызметі нәтижелерінің тартымдылығын тұтынушылық (клиенттік) бағалауды, студенттердің кәсіби қызметінің сапасын кәсіби-сараптамалық бағалауды қамтитын білім алушының кәсіби жетістіктерін бағалаудың үш деңгейлі жүйесі.

Кейстер (жағдайаттарды талдау) әдісі - нақты оқиғаны (проблеманы, жағдайды) имитациялау кезінде білім алушылардың іс-әрекетін бағалау процесі, мақсатты анықтау, ақпарат жинау және талдау, гипотезалар мен қорытындылар шығару бойынша белсенді және шығармашылық жұмыс нәтижесінде алынған білім мен дағдылар және студенттің кәсіби қызмет алгоритмдерін, оның әдістемелері мен технологияларын түсінуін тексеруге бағытталған.

Ассесмент-орталық әдісі - имитациялық ойын барысындағы студенттің кәсіби қызметтегі жағдайатты көрсететуін (топ құрамындағы жоба және оның нәтижелерін презентациялау, тест тапсырмалары, кейстер, рөлдік ойындар) сараптамалық бақылау негізінде бағалау процедурасы және әзірленген бағалау критерийлерін қолдана отырып, бағаланатын құзыреттердің айқындылық дәрежесін бағалау.

Портфолио әдісі - әрбір жеке студенттің кәсіби және білім беру жетістіктерінің даму динамикасын қадағалауға мүмкіндік беретін жеке бағалау әдісі: 1) «жұмыстарының портфолиосы» - білім алушының жеке дамуында болған өзгерістерді көрсететін белгілі бір уақыт кезеңіндегі шығармашылық, жобалық, зерттеу

және басқа жұмыстардың таңдауын қамтиды, 2) «құжаттар портфолиосы» - білім алушының жетістіктерін растайтын сертификаттар, мадақтама, дипломдар және т. б. 3) «пікірлер портфолиосы» - білім алушыға оқу процесінің қатысушыларымен (оқытушылар, студенттер, тәлімгерлер, компания/кәсіпорын өкілдері) ұсынылған мінездемелер.

Жоба әдісі - белгілі бір компанияның өзекті кәсіби міндеттерімен және/немесе басым ғылыми бағыттарымен, теория мен практиканың белгіленген байланыстарымен, кәсіби міндеттердің пәнаралық, жүйелік көзқарасымен байланысты жобаны орындауға кешенді, мағыналы көзқарасты бағалау әдісі.

Сараптамалық бағалау әдісі - білім алушының қызметі туралы куәліктерді (дәлелдемелерді) жинау және алдын ала белгіленген критерийлер негізінде осы куәліктерге қатысты үкім шығару.

Жұмсақ дағдылар (soft skills) - коммуникация, көшбасшылық, эмоционалды интеллект, уақыт пен мансапты жоспарлау, сыни ойлау, командалық жұмыс және т. б. салалардағы жалпы, қиылысатын дағдылар мен мотивациялық сипаттамалардың жиынтығы, белгілі бір кәсіппен байланысты емес және әлеуетті қасиеттер мен ерекшеліктерінің сипаттамалары, білім алушының нақты жағдайдағы жұмыс орнында тиімді жұмыс істеуге дайындығының компоненттері болып табылады.

Студенттерді жұмыс орнында оқыту - студенттің кәсіби құзыреттілігін игеруге бағытталған оқытудың интеграцияланған түрі.

Тәжірибеге негізделген оқыту - студенттің өз тәжірибесі арқылы процеске қатысуы, практикалық мәселелерді дербес зерттеуі, талдауы және шешуі, оқу жобаларын орындауы іске асатын белсенді оқыту технологиясы.

Бағалау - студенттердің білімі, іскерлігі мен құзыреттілігінің компанияда белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестік дәрежесін салыстыру және белгілеу рәсімі.

Проблемалық оқыту - тәлімгермен, оқытушымен диалог арқылы білімді меңгеруді қамтамасыз ететін оқыту түрі.

Проблемалық жағдайат - пайда болатын құбылысты немесе процесті түсіндіру, мақсатқа белгілі жолмен жетудегі пайда болатын интеллектуалды қиындық білім алушыны әрекеттің жаңа әдісін іздеуге итермелейді.

Жоба - қатаң белгіленген мерзімде орындалатын, құны мен ресурстарымен шектелген және нақты талаптарға сәйкес келетін мақсатқа жетуге бағытталған үйлестірілген және басқарылатын қызмет түрлерінің жиынтығы [2].

Жобалық оқыту - студенттердің жұмысын ұйымдастыруда әдетте нақты кәсіби қызметті имитациялайтын және студенттерден әртүрлі салалардағы білімді қолдануды, нақты мәселені шешудің теңдестірілген және әр түрлі тәсілдерін дамытуды талап ететін ұзақ мерзімді жобалар бойынша, өз бетінше де, командада да, зерттелетін ақпараттың өзектілігін түсіну және оның практикалық мүмкіндіктерін пайдалануға негізделген оқыту технологиясы,

Білім алушылардың кәсіби жетістіктері - ғылыми және кәсіптік білімді, іскерлікті, дағдылар мен құзыреттерді меңгеру дәрежесі мен тереңдігін (деңгейін), сондай-ақ бағаланатын тапсырмаларды орындау кезінде білім алушылар кездесетін қиындықтарды ескеретін нақты компанияның немесе кәсіпорынның жұмысына барынша жақын жағдайларда білім алушылар қызметінің өлшенетін нәтижелері.

Кәсіби тапсырма (КТ) - белгілі бір құралдардың көмегімен қажетті нәтижеге жету үшін нақты іс-әрекеттердің сипаттамасын қамтитын жұмыс орнында оқыған кезде студент үшін анықталатын тапсырма.

Кәсіби дағдылар (hard skills) - қолдану саласына (жұмыс орны, корпоративтік мәдениет, кәсіби бағыт және т.б.) тәуелді емес және белгілі бір қиындық деңгейлері бар, олардың дәйекті жетістіктері кәсіби даму мен прогресті көрсетеді.

Студенттің жұмыс орны - практикалық тапсырмалар мен кәсіби тапсырмаларды орындау үшін қажетті құралдармен (аспаптар, жабдықтар, станоктар, арнайы бағдарламалық жасақтамасы бар компьютерлер және т.б.) жабдықталған бөлме.

Оқу жағдайаты - білім беру мазмұнын іске асырудың біртұтас интеграцияланған, іс-әрекетке бағытталған, дидактикалық формасы. Практикалық іске асырылуы екі деңгейде қалыптасады: жобаланған мазмұн деңгейі (оқу жағдайының моделі) және іске асырылатын мазмұн деңгейі (нақты оқу жағдайы оның моделін жүзеге асыру практикасы ретінде).

Buketov University

Түсініктеме жазба

Техникалық прогресс, қоғам мен экономиканы ақпараттандыру инженерлік және жаратылыстану бағыттарының білікті кадрларын даярлауға, оларда қалыптасатын кәсіби дағдылар мен арнайы құзыреттерге қойылатын жаңа талаптарды айқындайды. Сонымен қатар, қазіргі уақытта еңбек нарығы талап ететін дағдылар мен нарықтың әлеуетті және ағымдағы қызметкерлерінің дағдылары арасында үлкен алшақтық бар. Зерттеу нәтижелері бойынша [3] бүкіл әлем бойынша 1,3 миллиард адам өз жұмысын орындауда құзыреттіліктерінің жетіспеушілігін сезінеді.

Мәселені шешудің негізгі жолдарының ішінде соңғы уақытта танымалдығы мен сұранысы айтарлықтай өсіп келе жатқан корпоративті оқытуды бөліп көрсетуге болады. Корпоративтік оқыту белгілі бір компания немесе сала үшін мамандар даярлауда, қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын ұйымдастыруда, жоғары оқу орындары мен компанияларды өзгермелі әлеуметтік, экономикалық және технологиялық жағдайларға бейімдеу, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін маңызды мәнге ие. Сонымен қатар, корпоративтік оқыту қызметкерлердің мотивациясын арттыруға, олардың өнімділігін жақсартуға және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Инженерлік және жаратылыстану-ғылыми бейіндегі мамандарды даярлауға корпоративтік оқыту нысандарын интеграциялау бүкіл білім беру процесінің тұтастығын қамтамасыз етуге, мамандарды даярлау сапасын және білім беру ортасын арттыруға, даярлаудың озық сипатын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [4]. Бұл процестің сәттілігі көбінесе кәсіби пәндер оқытушыларының құзыреттілігімен анықталады. Сондықтан да үнемі жетілдіру және дамыту мақсатында оқытушылар кәсіби құзыреттілік деңгейіне қойылатын заманауи талаптарды нақты түсінулері қажет.

Осыған қоса, инженерлік және жаратылыстану-ғылыми бейіндегі кадрларды даярлау жүйесінде білім беру бағдарламаларына корпоративтік оқыту нысандарын

интеграциялау нәтижесінде ЖОО-ы үшін ашылатын білім беру мүмкіндіктерінің нашар іске асырылуда, бұл да әдістемелік ұсынымдарда қарастырылатын тәсілдердің жаңалығын айқындайды

Әдістемелік ұсынымдар жоғары оқу орындары мен колледждердің оқытушыларына, әдіскерлерге, корпоративтік, дуальды, тәжірибеге бағытталған оқыту мәселелерімен айналысатын ғалымдарға арналған.

Әдістемелік ұсынымдарды қолдану кәсіптік пәндер оқытушыларына инженерлік және жаратылыстану-ғылыми бейіндегі студенттерді даярлау кезінде корпоративтік әріптестік нысандарын, тәжірибеге бағдарланған оқыту технологияларын кеңірек пайдалануға, студенттерге оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді және олардың құзыреттерінің негізгі стейкхолдерлердің сұраныстарына және экономиканың қазіргі деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Инженерлік және жаратылыстану-ғылыми бағыттары бойынша студенттерді даярлауда корпоративтік оқытудың инновациялық нысандарын қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын жүргізілетін зерттеу шеңберінде дайындалды (№AP19679248 – «Инженерлік және жаратылыстану-ғылыми бейіндердің дуальды білім беру бағдарламаларын іске асыруда корпоративтік оқытудың жаңа нысандарын интеграциялау» гранты).

1 Инженерлік және жаратылыстану ғылымдары бағыттарының студенттерін даярлаудағы корпоративтік әріптестік

Тұрақты әлеуметтік, экономикалық, ақпараттық, технологиялық трансформациялар жағдайында жоғары оқу орындары мен компаниялар арасындағы корпоративтік әріптестік экономиканың өсуіне және өңірдің дамуына ықпал етеді, инженерлік және жаратылыстану бейіндерінің жоғары білікті кадрларын даярлауда шешуші рөл атқарады. Оқу орындарымен ынтымақтасатын кәсіпорындар жұмыс істеу үшін, түрлі жобаларға қатысуға, инновациялық өнімдер жасауға, бірегей шешімдерді әзірлеуге талантты және ең дайын мамандарды тарту мүмкіндігіне ие. Осының арқасында оқу орны орналасқан аймақ қосымша экономикалық пайда алып, бизнесті жүргізу үшін тартымды орынға айнала алады, ал кәсіпорындар инновацияларды дамытуға инвестиция сала отырып, өз қызметіне перспективалық шешімдер енгізе алады.

Инженерлік және жаратылыстану ғылымдарының студенттерін даярлаудағы корпоративтік серіктестік ынтымақтастықтың келесідей түрлері мен формаларын қамтитын сапалы білім беру ортасын қалыптастыруда да маңызды рөл атқарады [5]:

1) университеттерді қаржылық қолдау, инновациялық бастамаларды, перспективалық жобаларды іске асыру, ЖОО-ның оқу және ғылыми инфрақұрылымын жаңғырту, студенттерді оқыту үшін гранттар мен стипендиялар беру;

2) қолда бар ресурстарға қол жеткізуді ұсыну;

3) компания немесе сала ауқымында бірлескен зерттеулер жүргізу, инновациялық өнім жасау;

4) білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оларды іске асыру мәселелері бойынша стратегиялық шешімдер қабылдау, жұмыс орнында оқытуды қоса алғанда, студенттерді оқыту жүйесін жетілдіру (өндірістік тәжірибе бағдарламалары, тағылымдамалар, кеңестер, тәлімгерлік, мансап құру дағдыларын дамыту жөніндегі бағдарламалар және т. б.) және

кәсіптік практикалар, студенттерге мансаптық даму мәселелері бойынша кеңес беру;

5) жұмыс беруші брендінің тартымдылығын және түлектер үшін еңбек жағдайларын арттыруға бағытталған кәсіптік бағдарлау іс-шаралары мен акцияларын бірлесіп іске асыру;

6) түлектердің біліктілігін бағалау және жұмысқа орналастыру бойынша бірлескен іс-шаралар өткізу;

7) персоналды оқыту және іріктеу;

8) академиялық жаңалықтар мен инновацияларды коммерцияландыру және т. б.

Компаниялармен ынтымақтастық бағдарламалары шеңберінде ЖОО студенттерге жоғары теориялық даярлықты қамтамасыз етуі, түлектердің дағдылары мен құзыреттері және қазіргі заманғы өндіріс пен жаңа өнеркәсіптік технологиялардың даму деңгейі арасындағы алшақтықты жою жолдарын айқындауы, түлектердің болашақ кәсіби қызметінің жағдайларына барынша жақын болатын осындай білім беру ортасын және оның ресурстық қамтамасыз етілуін құруы тиіс. Түлектер еңбек нарығында оларды күтіп тұрған нақты сын-қатерлер мен міндеттерге дайын болуы үшін ЖОО-ры оларға оқу аудиторияларында оқытуды ғана емес, сонымен қатар алған білімдерін практикалық қолдану, практикалық тәжірибе алу, кәсіби практика барысында жұмыс орнында оқыту бағдарламалары шеңберінде жаңа жабдықтармен және технологиялық процестермен жұмыс істеу дағдыларын игеру үшін мүмкіндіктерді, кәсіби тағылымдамалар, дуальды оқыту бағдарламаларын қамтамасыз етуі тиіс.

Жоғары оқу орындары мен компаниялардың корпоративтік серіктестігінен инженерлік және жаратылыстану-ғылыми мамандықтарының студенттері алатын негізгі артықшылықтардың қатарына мынадай мүмкіндіктер жатады:

1) инженерлік немесе ғылыми саладағы нақты жұмыс процесі қалай көрінетіні туралы түсінік алу, кәсіпте қолданылатын заманауи технологиялар мен құралдармен танысу, өзінің кәсіби білімінің, дағдыларының деңгейін болашақ кәсіби қызметке дайындығын бағалау;

2) ЖОО-ны аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасу кезінде пайдалы болатын, сондай-ақ кәсіптік даму мен мансаптық өсу үшін қосымша мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін кәсіби қоғамдастықта құнды байланыстар мен таныстық орнату;

3) іске асыруда компаниялардың/кәсіпорындардың мамандары, оқытудың заманауи әдістерін, практикалық тәжірибесі мен кәсіби білімін меңгерген білікті оқытушылар тартылатын жаңартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқу;

4) салалық талаптарға немесе нақты компаниялардың/кәсіпорындардың талаптарына сәйкес қажетті дағдылар мен білім алу;

5) инженерлік және жаратылыстану-ғылыми салаларындағы компаниялар/кәсіпорындар кездесетін нақты проблемалар мен сын-қатерлер туралы білу;

6) нақты технологиялық процестерге, жобаларға, оның ішінде бизнес-жобаларға, зерттеу жұмыстарына, нақты компаниялар мен кәсіпорындардың күрделі міндеттерін шешуге қатысуға;

7) компаниялар мен кәсіпорындардан сарапшылардан кеңес алу, өз ой-өрісін кеңейту, мансаптық мақсаттары мен болашаққа жоспарларын қалыптастыру;

8) оқу бітіргеннен кейін өз мамандығы бойынша серіктестік компанияда немесе кәсіпорында жұмысқа орналасуға және өзінің кәсіби мансабын табысты бастауға;

9) теориялық білімді практикада қолдану ғана емес, сонымен қатар командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту, жұмыс ортасына бейімделу және еңбек нарығында өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Жоғары оқу орындары мен компаниялардың ынтымақтастық бағдарламаларын іске асыру үшін келесілерді анықтау қажет [5]:

1) білім беру бағдарламасына компаниямен ынтымақтастықты интеграциялау нысандары мен әдістерін;

2) кадрларды даярлау мәселелері бойынша жоғары оқу орындарының компаниямен/ кәсіпорынмен байланыс түрлері, нысандары мен тетіктері;

3) кәсіптік практикалардың, тағылымдамалардың, жұмыс орнында оқытудың мерзімдері мен ұзақтығын оңтайландыруға бағытталған іс-шараларды келісу және іске асыру тәртібі;

4) ынтымақтастық бағдарламаларына қатысатын білім алушылар мен оқытушыларды іріктеу тәртібі;

5) барлық қызмет түрлерін жоспарлау, барлық негізгі стейкхолдерлердің пікірлерін талдау негізінде бірлескен жұмыс нәтижелерін қарау және болашаққа арналған жұмыстарды жоспарлау тәртібі [6];

6) негізгі мүдделі тараптардың қажеттіліктерін ескеруге, бірлескен оқыту бағдарламаларын қоса алғанда, студенттердің, білім беру ұйымдары мен компаниялардың ынтымақтастық бағдарламаларынан күтулерін айқындауға мүмкіндік беретін құралдар;

7) серіктестікке қатысушылар орындайтын рөлдердің түрлері мен нысандары, қол жеткізілген нәтижелерді бағалау құралдары және оларға қанағаттану дәрежесі [7];

8) ынтымақтастық бағдарламаларын орындау кезінде туындайтын тәуекелдерді сәйкестендіру, талдау, анықтау және жою әдістері;

9) негізгі шешімдер қабылдау тәсілдері [8], мүдделер мен қақтығыстарды басқару [9];

10) барлық мүдделі тараптар үшін серіктестіктің әлеуетті құндылықтарын ескеретін басқару стратегиялары [10-14];

11) ынтымақтастықтың барлық бағыттарының нәтижелерін мониторингілеудің кезеңділігі, тәртібі мен нысандары.

Осылайша, инженерлік және жаратылыстану-ғылыми бағыттарының студенттерін даярлаудағы корпоративтік әріптестік сапалы білім беруді қалыптастыруда, жоғары оқу орындары мен индустриялық сектор арасында білім мен тәжірибе алмасуда маңызды рөл атқарады, өңірдің дамуына ықпал етеді. Әріптестік бағдарламалары шеңберінде жоғары оқу орындары еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес өзектілігін сақтайды, ұсынылатын білім беру қызметтерінің спектрін кеңейтеді және жақсартады, жоғары оқу орындарының оқытушылары компаниялардағы өз біліктілігін арттырады, индустриядағы заманауи трендтер мен инновациялармен

танысады, компаниялар білім беру бағдарламаларын дамытуға және жақсартуға, оқу-әдістемелік материалды жаңартуға және өзекті тақырыптар бойынша арнайы курстар құруға өз үлестерін қосады, студенттер өзекті білім алады, оның ішінде саланың нақты сын-қатерлері, заманауи технологияларға қол жеткізу, нақты практикалық тәжірибе мен байланыстар, кәсіби мансапты дамытуда табысты бастауды қамтамасыз етеді, компаниялар мен кәсіпорындар жұмыс үшін талантты және ең дайын мамандарды тартуға, жоғары оқу орындарымен бірлескен ғылыми және инновациялық қызметтің нәтижелерін өндірістік қызметке, өндірістік және технологиялық процестерге енгізуге мүмкіндік алады.

Корпоративтік әріптестік шеңберінде ЖОО-ы мен компаниялар білім алушыларға өзекті білім беруге, оқытудың келісілген қағидаттарын қолдану, қолда бар ресурстарды оңтайлы пайдалану, өзара тиімділікті және стратегиялық басымдықтарды сақтауды қамтамасыз ету, инновациялық технологияларды арттыру арқылы олардың жеке-жеке әлеуетін, кәсібилігі мен корпоративтік этикасын ашуға, кадрларды даярлау процесіне қатысушы тараптардың әрқайсысының белсенділігі мен үздіксіз тұрақты дамуына бағытталған мамандарды даярлау жөніндегі шаралар кешенін білдіретін корпоративтік оқытуды әзірлейді және енгізеді [5].

2 Білім беру бағдарламалары мазмұнының компаниялардың мамандардың біліктілігіне және дағдыларды градациялауға қойылатын талаптарына сәйкестігін бағалау индикаторлары

Жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары болып жатқан экономикалық, әлеуметтік, ақпараттық, технологиялық өзгерістерге, нақты компаниялардың қажеттіліктеріне және саланың даму үрдістеріне сәйкес келуі, түлектерге қажетті дағдылар мен біліктіліктерді қамтамасыз етуі тиіс. Қазақстанның жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен мазмұнына қойылатын талаптар

олардың Академиялық саясатында көрініс табады. Білім беру бағдарламалары Ұлттық біліктілік шеңберлерінің, Салалық біліктілік шеңберлерінің, Кәсіби стандарттардың талаптарына сәйкес келуі және Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен сәйкес болуы қажет [15].

Білім беру бағдарламалары білім алушылардың кәсіптік міндеттерді табысты орындау үшін қажетті құзыреттерді меңгеруіне ықпал ететін мазмұнды қамтуы тиіс. Бұл ретте компаниялар білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, белгілі бір салаларда талап етілетін білім алушылардың кәсіби құзыреттері мен дағдыларын қалыптастыруға белсенді қатысуға тиіс.

Білім беру бағдарламалары мазмұнының компаниялардың, мамандардың біліктілігіне және дағдыларды градациялауға қойылатын талаптарына сәйкестігін бағалау мамандарды сапалы даярлауды қамтамасыз етудегі маңызды құрал болып табылады. Мұндай бағалауды жүргізу үшін сәйкестікті бағалау индикаторларын (СБИ) анықтау қажет, бұл маман даярлау процесінің барысын көрсетуге мүмкіндік береді, сапалы және/немесе сандық сипаттамаларды қолдана отырып, студенттердің үлгерімін қабылдауға ыңғайлы түрде өлшеуге мүмкіндік береді [16], білім беру бағдарламаларының мазмұнындағы олқылықтарды және олардың компаниялардың талаптарына сәйкестігін анықтау, оқыту сапасын жақсарту, түлектердің біліктілігінің компаниялардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар тізбесін айқындайды. Осылайша, сәйкестікті бағалау индикаторлары (СБИ) кадрларды даярлау жүйесінің ағымдағы жай-күйі туралы түсінік беруі және бұл туралы жұмыс берушілерге хабарлауы, жұмыс берушілерге бүкіл дайындық процесін зерттеуге және талдауға мүмкіндік беретін ақпаратты қамтуы тиіс.

Білім беру бағдарламалары мазмұнының компаниялардың, мамандардың біліктілігіне және дағдыларды градациялауға қойылатын талаптарына сәйкестігін бағалау индикаторлары білім беру бағдарламасында қойылған мақсатқа және оқыту нәтижелеріне сәйкес келуі, ағымдағы ақпаратты бұрмаламай қорытындылауы, білім беру жүйесінің жағдайын сипаттайтын басқа индикаторлармен құрылымдық және ұйымдық

байланысты болуы, дәл, салыстырылатын, шынайы және сенімді болуы қажет. Индикатор 1) білім беру бағдарламасында қойылған мақсатқа және оқытудың күтілетін нәтижелеріне дейінгі «қашықтықты» бағалауға, 2) проблемалық және сыни салаларды анықтауға, жұмыс берушінің кадрларды даярлау процесі туралы ықтимал сұрақтарына жауап беруге, 3) кадрларды даярлаудың ағымдағы көрсеткіштерін кәсіптік стандарттарды, біліктілік талаптарын және лауазымдық нұсқаулықтар қоса алғанда, тиісті құжаттарда белгіленген эталондық мәндермен салыстыруға мүмкіндік беруі тиіс, 4) көрсеткіштердің өзгеру динамикасын қадағалауға мүмкіндік беруі тиіс [17]. Сол кезде индикаторлық бағалау алдын ала әзірленген индикаторлардың (көрсеткіштердің) шектеулі санының мәндерін өлшеу негізінде пайымдау шығарылатын бағалау түрі болып табылады [1].

Білім беру бағдарламалары мазмұнының компаниялардың талаптарына сәйкестігін бағалаудың объективті индикаторларын әзірлеу үшін ЖОО-ны мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- білім беру бағдарламаларының мазмұны, оларды іске асырудың нысандары мен әдістері, мамандардың біліктілігі мен құзыретіне қажеттіліктер туралы бизнес-қоғамдастықпен тұрақты диалог жүргізу;

- еңбек нарығының мамандардың біліктілігіне және дағдыларды бағалауға қойылатын талаптарын үнемі талдау;

- еңбек нарығының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұнын үнемі жаңартып отыру;

- студенттердің оқу нәтижелеріне қол жеткізуін үнемі бағалау.

- Білім беру бағдарламаларының компаниялардың талаптарына сәйкестігін бағалаудың негізгі индикаторларының қатарына мыналар жатқызылуы мүмкін:

- түлектер даярлығын, олардың білімі мен дағдыларын бағалауды, түлектердің даярлық деңгейінің еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігін қамтитын жұмыс берушілердің өздерінен кері байланыс;

- түлектерді жұмысқа орналастыру статистикасы. Егер түлектердің көпшілігі білім беру бағдарламасын бітіргеннен

кейін өз саласында табысты жұмыс тапса, бұл оның компаниялардың талаптарына сәйкестігін көрсетеді. Мұндай статистиканы білім беру мекемелері жинап бере алады;

- компания өкілдерімен бірлескен жобаларды орындауды, тағылымдамалар, дәрістер мен шеберлік сыныптарын өткізуді қамтитын компаниялармен ынтымақтастық. Бұл жоғары оқу орындарына өз түлектерінің болашақ жұмысы саласындағы өзекті талаптар мен үрдістерден хабардар болуға мүмкіндік береді;

- білім беру бағдарламасындағы оқу пәндерінің мазмұнының өзектілігі және практикалық бағдары;

- практикағы-бағдарланған, проблемалық-бағдарланған және жобалық-бағдарланған оқыту әдістерін қолдану;

- білім беру бағдарламаларының әлеуметтік, экономикалық, технологиялық өзгерістерге икемділігі мен бейімделуі.

Сонымен, білім беру бағдарламалары мазмұнының компаниялардың, мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау индикаторлары және дағдыларды градациялау табысты білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және қазіргі білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Олар оқу орындарына нарық талаптарына бейімделуге және студенттеріне жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес келетін сапалы кәсіби дайындықты қамтамасыз етуге көмектеседі. Жұмыс берушілердің кері байланысы, түлектердің жұмысқа орналасу статистикасы, компаниялармен ынтымақтастық және оқыту бағдарламасын талдау сияқты индикаторларды қолдану білім сапасын жақсартуға және студенттердің құзыреттері мен кәсіби дағдыларының еңбек нарығының талаптарына сәйкестігін, олардың түлектердің кәсіби мансабындағы сұранысын қамтамасыз етуге көмектеседі.

3 Корпоративтік оқыту нысандарын инженерлік және жаратылыстану-ғылыми бейіндерінің білім беру бағдарламаларына интеграциялау үшін кәсіптік пәндер оқытушыларының құзыреттеріне қойылатын негізгі талаптар

Оқу процесін сапалы және тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз етуде, қолайлы оқу ортасын құруда, білім алушыларға кәсіптік білімді беруде, олардың кәсіптік және арнайы дағдылары мен құзыреттерін қалыптастыруда, білім алушыларды өзін-өзі тұрақты дамытуға және жетілдіруге ынталандыруда кәсіптік пәндер оқытушылары шешуші рөл атқарады. Осыны ескере отырып, кәсіптік пәндер оқытушысы мынадай құзыреттерге ие болуы тиіс: негізгі, жалпы пәндік, пәндік; кәсіптік және жалпы мәдени; арнайы және жеке; цифрлық және ақпараттық; құндылық-мәндік, жалпы мәдени және коммуникативтік; әдіснамалық және әлеуметтік-психологиялық; зияткерлік және креативті және т.б. [18-20].

Жоғары оқу орындарындағы кәсіптік пәндер оқытушыларының қызметіне әлеуметтік, экономикалық, технологиялық өзгерістер айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар, кәсіби пәндер мұғалімдері өздерінің кәсіби қызметінде келесі мәселелерге тап болады:

- салада жұмыс тәжірибесінің болмауы;
- инженерлік және жаратылыстану-ғылыми бағыты бойынша студенттерді оқытуды ұйымдастырудың заманауи тәсілдері туралы білімнің жеткіліксіздігі;
- қазіргі заманғы білім беру платформалары мен интернет ресурстарын пайдалануды, коммуникация мен кері байланыстың неғұрлым тиімді түрлерін пайдалануды қиындататын цифрлық құзыреттіліктің жеткіліксіздігі;
- пәнаралық білімнің және оларды инженерлік және жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқытуға интеграциялау тәжірибесінің болмауы немесе жеткіліксіздігі;
- пәнаралық оқытуды жүзеге асыру үшін ресурстардың шектеулі болуы;

– оқытылатын пәндердің мазмұнын компаниядағы немесе кәсіпорындағы студенттерге қол жетімді оқу орындарының әртүрлілігіне, сәйкесінше студенттің университетте оқуын аяқтағаннан кейін осы компанияда/кәсіпорында жұмысқа орналасуы үшін қажетті базалық білім мен құзыреттердің әртүрлілігіне бейімдеуге дайын болмауы.

Қазіргі жағдайда ЖОО-да инженерлік және жаратылыстану-ғылыми бейіндердің білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысатын кәсіптік пәндер оқытушылары тиіс [21-23]:

– жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік және заңнамалық құжаттарды білу;

– білім беру бағдарламасын әзірлеу принциптерін, студенттерді теориялық оқыту және жұмыс орнында оқыту нәтижелерін бағалау әдістемесі мен құралдарын білу, білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді оқыту нәтижелерін бақылау мен бағалаудың индикаторлары мен көрсеткіштерін анықтай білу, педагогикалық қызметте рефлексивті технологияларды қолдану;

– рефлексиялық-белсенді тәсілге негізделген оқытудың жаңа әдістерін білу және белсенді қолдану;

– болып жатқан өзгерістердің мәнін және олардың оқу ортасына, білім алушылардың қажеттіліктеріне, оқыту әдістемесіне және студенттерді оқытуға әсерін түсіну [24];

– студенттердің кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейін дамыту құралы ретінде бағалауды қолдана білу, студенттердің білімін, дағдылары мен қабілеттерін дамыту туралы сындарлы кері байланыс беру үшін бағалауды қолдану;

– білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асырудың кезеңдерінде барлық мүдделі тараптармен өзара іс қимыл жасай білу;

– білім алушыларда практикалық дағдылар мен тәжірибені дамытатындай, оларды өз мансабын саналы және белсенді басқаруға бағыттайтындай білім беру процесін жоспарлай және ұйымдастыра білу;

– болашақ кәсіби қызмет үшін қажетті дағдыларды дамытуды қамтамасыз ететін дидактикалық құралдарды қолдана

білу, оқытудың әртүрлі модельдерін таңдау;

– дидактикалық құралдарды қолдана білу, әртүрлі модельдерді таңдау тиісті оқу ресурстары мен оқу құралдарын қолдана білу, оқытудың икемділігін, динамикасын және даралығын қамтамасыз ету [25, 26], жаңа дағдылар мен білімдерді үйрену, дамыту және қолдану [27, 28];

– жобалық және проблемалық оқыту технологияларын меңгеру, бұл студенттерді ақпаратты өз бетінше іздеуге, өндеуге және талдауға ынталандыратын жұмыс ортасын құруға, оқыту мазмұнын болашақ кәсіби қызметпен біріктіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

– әр түрлі білім беру стратегиялары мен технологияларын, оқытудың заманауи модельдері мен тәжірибелерін, студенттердің оқу нәтижелеріне, мансаптық табысқа және тұтас дамуға қол жеткізуіне жоғары мотивацияны меңгеру;

– оқытылатын пәндер саласында кәсіби білім мен тәжірибені меңгеру, саладағы соңғы үрдістер мен әзірлемелерден хабардар болу, өзекті мысалдарды қолдану және оқу процесінде нақты кейстерді қолдану үшін тиісті салада практикалық жұмыс тәжірибесі болу;

– білім деңгейі мен тәжірибесін ескере отырып, студенттермен ақпарат беру және өзара әрекеттесу, студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуын қолдау, идеялармен алмасуды қамтамасыз ету және ұжымдық жұмысты ұйымдастыру үшін коммуникациялық дағдыларды меңгеру;

– оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын, саланың инновациялық жетістіктерін, цифрлық технологиялар мен құралдарды (мысалы, интерактивті интернет-платформалар, виртуалды зертханалар, модельдеу, оқу симуляторлары және т. б.) қолдануға мүмкіндік беретін инновациялық ойлауды меңгеру, бұл студенттердің оқу мүмкіндіктерін кеңейтуге және оны қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді;

– өз білімі мен дағдыларын жаңарта отырып, еңбек нарығының өзгеретін талаптарына бейімделе білу, сондай-ақ оқу бағдарламаларына студенттер оқуды бітіргеннен кейін нақты өмірде қолдана алатын өзекті тақырыптар мен мәселелерді қосу.

Жаңа білім беру парадигмасы, технологиялардың қарқынды дамуы және білімнің ескіруі мұғалімнен кәсіби білімді жалпылаудың жоғары деңгейін, қабілеттер мен құзыреттердің әртүрлілігін, тәртіптік білімнен тыс кәсіби дағдыларды дамытуды, кәсіби қызметінде стандартты емес шешімдерді таба білуді, өзінің кәсіби міндеттерін орындауға икемділік пен бейімделуді талап етеді. Осы талаптарға сай болу, кәсіби пәндер оқытушыларының тиімді және табысты қызметін қамтамасыз ету үшін біліктілікті арттыру курстарының әртүрлі форматтарын, интернет-ресурстарды, оқыту қызметтерін пайдалану қажеттілігі туындайды (1-қосымша) [29].

4 Инженерлік және жаратылыстану ғылымдары бағыты студенттерін даярлау барысындағы оқу жағдайаттары, оларды құру және қолдану технологиялары

Қазіргі жоғары білім беруде студенттерге теориялық білімді игеріп қана қоймай, оларды практикада қолдануды үйренуге мүмкіндік беретін тәжірибеге бағытталған оқытуға баса назар аударылады. Тиімді оқу жағдайаттарын құру және оларды инженерлік және жаратылыстану-ғылыми бейіндегі мамандарды даярлауда қолдану студенттердің белсенділік ұстанымын, шығармашылығын, сыни ойлауы мен проблемаларды шешу дағдыларын, бастамашылығы мен дербестігін дамытуға, нақты инженерлік және ғылыми міндеттерді түсінуін жақсартуға, пәнді оқуға деген ынтасын арттыруға мүмкіндік береді.

Оқу жағдайаттары тұлғаға бағытталған оқытудың орталық категориясы болып табылады және оны оқу процесінде қолдану білім алушылардың өз функцияларын көрсетуге ынталануына мүмкіндік береді. Оқу жағдайаттарын педагогикалық тәсіл ретінде қарастыруға болады. Бұл жағдайда оқытудың мазмұны негізінен оқу процесінің субъективті факторларынан тұрады (оқытуды ұйымдастыру шарттары, оқушылардың интеллектуалды мүмкіндіктері, олардың оқуға, оқытушыға қатынасы, білім алушылар мен оқытушылар арасындағы қарым-қатынас және т.б.). Екінші жағынан, оқу жағдайатын білім беру мазмұнын әзірлеудің жобаланған және іске

асырылатын деңгейлерінде практикалық іске асырылатын дидактикалық бірлік ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар, оқу жағдайатын оқу мазмұнын жобалау, білім алушыларға педагогикалық әсерді жоспарлау, педагогикалық процестің субъектілері арасындағы байланысты ұйымдастыру объектісі ретінде қарастыруға да болады [30].

«Оқу жағдайаты» ұғымын анықтауға қолданылатын әртүрлі интеграцияланған тәсілдер бар (1-кестеде келтірілген).

1-кесте. «Оқу жағдайаты» ұғымына берілетін әртүрлі интеграцияланған тәсілдер

Тұлғалық-мәдени	Процессуалды-нәтижелі	Жобалық-жағдайаттық
Оқу жағдайаты – студенттердің шындықты игеру, оны мәдени тәжірибеге қайта құру бойынша жеке тәжірибе алуының негізгі көзі болып табылатын жобаланған жиынтық [31]	Оқу жағдайаты – оқытушының көмегімен студенттер өз іс-әрекетінің тақырыбын анықтайтын және онымен әр түрлі оқу әрекеттерін жасайтын оқу іс-әрекетін ұйымдастыру [32]	Оқу жағдайаты – оқыту мақсатында қолданылатын нақты жағдайға жақын нақты немесе арнайы модельденген жағдайдың сипаттамасы [33]

Инженерлік және жаратылыстану кадрларын даярлауда оқу жағдайаттарын қолдану пәндік саланы және ондағы міндеттерді, оқу ақпаратын, білім алушылардың өзін-өзі дамытуын ынталандыруды, пәндік коммуникативтік қызметті, қызмет пен қарым-қатынастың құндылық мазмұнын, ұйымдастырушылық-педагогикалық іс-қимыл технологияларын біріктіруге мүмкіндік береді. Оқу жағдайаттарын тиімді қолдану үшін оқытушы құқылы:

- 1) оқу жағдайатын анықтау;

2) оқу жағдайатын қолданудың нысаналы бағдарларын нақтылау: білім алушының өзін-өзі дамыту және құндылық-мәнді саласын дамыту;

3) оқу жағдайатының сыртқы құрылымдық компоненттерін анықтау: болжамды ақпарат, пәндік саладан тапсырма;

4) оқу жағдайатының мазмұнына барабар оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдауға.

Оқу жағдайатының негізгі белгілерінің ішінде келесілерді атап өтуге болады:

1) нақты талаптарды ескере отырып әзірленген тұтас дидактикалық бірлік түріндегі оқу материалын ресімдеу қажеттілігімен байланысты жобалау сипаты;

2) нақты немесе квази-нақты материалдағы жағдайдың мазмұнын әзірлеуде көрсетілген контекстік сипат;

3) жағдайды талдау және ондағы проблеманы шешу барысында студенттердің жеке тәжірибе алуынан тұратын белсенділік сипаты.

Осылайша, оқу жағдайатын оның қалыптасуының екі деңгейінде: жобаланған мазмұн деңгейінде (оқу жағдайатының моделі) және іске асырылатын мазмұн деңгейінде (нақты оқу жағдайаты оның моделін жүзеге асыру практикасы ретінде) практикалық іске асырылатын білім мазмұнын іске асырудың тұтас интеграцияланған, белсенділікке бағытталған, дидактикалық нысаны ретінде анықтауға болады.


Оқу жағдайаттарын құрастыру кезінде келесі принциптерді басшылыққа алу қажет:

1. **Реалистік:** оқу жағдайаты студентті инженердің немесе ғалымның нақты жұмыс жағдайына мүмкіндігінше жақындатуы керек.

2. **Контекстуалдылық:** студенттер теорияның тікелей қолданылуын көре алатындай жағдай кәсіби контекстке енгізілуі керек.

3. **Интерактивтілік:** студенттерді белсенді талқылауға, эксперименттерге және мәселелерді шешуге тарту.

4. **Мультипәнаралылық:** кешенді мәселелерді шешу үшін әртүрлі салалардағы білімді кіріктіру.



Сурет 1. Оқу жағдайаттарын құру принциптері

Білім алушыға қатысты оқу жағдайаттары оқу іс-әрекетінің бірлігі болып табылады, оның нәтижесінде студент пәндік, пәнаралық және мета-пәндік сипаттағы нақты кешенді нәтижелерге қол жеткізеді. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, оқу жағдайаттарын 2-кестеде келтірілген схема бойынша жобалауға болады.

2-кесте. оқу жағдайаттарын жобалау схемасы

1-әрекет	Құрастырылған оқу жағдайатын қысқаша сипаттаңыз: бұл жағдайда жұмыс істеу процесінде не алу керектігін анықтайтын мақсат; мазмұны (тапсырма); жұмыс істеу әдістері; уақыт; жұмыс орны (оқу кабинеті, экскурсия және т. б.); нәтижелерді тексеру тәсілдері.
2-әрекет	Білім алушылар жүзеге асыратын іс-әрекеттерді және оларда қалыптасатын іс-әрекет әдістерін сипаттаңыз.
3-әрекет	Ұсынылатын мотивация әдістерін сипаттаңыз.
4-әрекет	Білім алушылардың танымдық әмбебап оқу іс-әрекеттерін, оқу ынтымақтастығы дағдыларын, өз қызметін жоспарлауды дамытуға арналған тапсырмаларға мысалдар келтіріңіз.
5-әрекет	Жоспарланған білім беру нәтижелерін бағалау әдістерін және ұсынылатын бағалау құралдарын сипаттаңыз.

Оқу жағдайаттарын жобалаудың бұл әдісін оқытушылар пәндер бойынша тапсырмалар жасау үшін қолдана алады. Оқу жағдайаттарының мысалдары 2-қосымшада келтірілген.

Оқу жағдайаттарын құру кезінде мынадай технологиялар пайдаланылуы мүмкін (3, 5-қосымшалар):

1. Кейс әдісі: тәжірибеден нақты жағдайларды әзірлеу және талқылау.

2. Жобалық оқыту: студенттер нақты инженерлік немесе ғылыми зерттеулерге имитациялайтын ұзақ мерзімді жобаларда жұмыс істейді.

3. Ойын технологиясы: кәсіби қызметті модельдеу үшін білім беру ойындары мен симуляцияларды қолдану.

4. Сарапшылардың кері байланысы: студенттердің жұмысын бағалау және нақты кері байланыс беру үшін тәжірибелі мамандарды тарту.

Студенттерді инженерлік және жаратылыстану білім беру бағдарламалары бойынша даярлау кезіндегі оқу жағдайаттары келесі шаралар аясында қолданылуы мүмкін:

- кәсіп туралы жалпы идеяны қалыптастыру және одан әрі оқуға деген қызығушылықты ояту үшін кіріспе курстар;

- кәсіби қызметтің нақты аспектілерін тереңдетіп зерттеуге арналған мамандандырылған курстар;

- командалық жұмыс дағдыларын дамытуға және әртүрлі салалардағы білімді кіріктіруге арналған пәнаралық жобалар.

Оқу жағдайаттарының тиімділігін бағалау келесілер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін:

- студенттердің қанағаттануы және оқу процесіне қатысуы туралы сауалнама;

- жобалық тапсырмалар мен кейстерді орындау нәтижелерін талдау;

- әдістеме енгізілгенге дейін және кейін емтихан нәтижелерін салыстыру.

Инженерлік және жаратылыстану бағыттарының білім беру процесінде оқу жағдайаттарын қолдану білім беру сапасын арттырып қана қоймай, студенттерді кәсіби қызметтің нақты сын-қатерлеріне дайындауға мүмкіндік береді. Әрбір

оқытушының осы әдістемелерді өз пәнінің ерекшелігі мен оқу мақсатына бейімдеуі маңызды.

5 Студенттерді жұмыс орнында оқытудың ұйымдастырушылық және әдістемелік тәсілдері

Студенттерді оқытылатын кәсіптік пәндер шеңберінде жұмыс орнында оқыту кәсіптік құзыреттіліктерді игеруге бағытталған оқытудың интеграцияланған түрі болып табылады.

Студенттің жұмыс орны деп практикалық тапсырмалар мен кәсіби тапсырмаларды орындау үшін қажетті құралдармен (аспаптар, жабдықтар, станоктар, арнайы бағдарламалық жасақтамасы бар компьютерлер және т.б.) жабдықталған бөлмені түсіну керек.

Студенттің компаниядағы / кәсіпорындағы жұмыс орны стандарттарды, Еңбек кодексінің ережелері мен талаптарын, нормативтік-құқықтық актілерді, мемлекеттік және халықаралық білім беру стандарттарын, оларда белгіленген ережелерді, рәсімдерді, білім алушының өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған критерийлер мен нормативтерді ескере отырып ұйымдастырылуы тиіс.

Студенттің оқу орнын ұйымдастырған кезде эргономикалық [34-38] және санитарлық-гигиеналық талаптарды [39], қауіпсіздік талаптарын сақтау қажет. Осы талаптарды ескере отырып, студенттерді жұмыс орнында оқытуды ұйымдастыру кезінде санитарлық-техникалық, гигиеналық және ұйымдастырушылық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету, білім алушыларға қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың (жарық ортасы, микроклимат, өндірістік шу, электромагниттік өрістер және т. б.) әсерін болдырмау бойынша шаралар қабылдануы және тиісті іс-шаралар жүргізілуі тиіс (немесе шекті рұқсат етілгеннен аспауы тиіс мәндері).

Жарық ортасының параметрлері санитарлық талаптар [40-42] арқылы реттеледі, бөлмедегі қолайлы микроклиматты қамтамасыз ету үшін арнайы жылыту, сору және желдету, ауаны ылғалдандыру жүйелері қарастырылуы керек. Рұқсат етілген өндірістік шу арнайы МЖБСТ-мен реттеледі [43, 44].

Студенттің жұмыс орны өрт, электр, химиялық, радиациялық қауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Жекелеген жағдайларда жарылыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдануға тиіс.

Жұмыс орнында оқытуды ұйымдастыру кезінде келесілер маңызды:

- оқу бағдарламасын барлық негізгі қатысушылармен егжей-тегжейлі әзірлеу және келісу, компанияның көлемін және оның құрылымдық сипаттамаларын ескеру (мысалы, жұмыс кестесі, жұмыстың маусымдылығы және т.б.) [5].

- еңбекке қойылатын талаптарды, студенттердің жұмысын бақылау нысандарын, студенттерді әлеуметтік қолдаудың түрлері мен нысандарын, есептік құжаттамаға қойылатын талаптарды әзірлеу;

- студенттерге нақты тапсырмаларды орындау, проблемалық жағдайларды шешу, нақты жағдайларға арналған жұмыс стратегияларын таңдау бойынша нақты нұсқаулар мен нұсқаунамалар әзірлеу;

- мәселені шешу, нақты тапсырмаларды орындау кезінде мүмкін болатын стандартты емес жағдайлардың мысалдарын талдау;

- оқытуды нақты өндірістік жағдайларға кіріктіру;

- технологиялық атрибуттар мен оқу факторларының үйлесімін қамтамасыз ету;

- студенттердің нақты өндірістік міндеттерді, жұмыс жағдайларын шешуге, компания жобаларын орындауға қатысуын қамтамасыз ету;

- студенттерге шешілетін өндірістік міндеттердің әдісі мен жолдарын таңдауда жеткілікті еркіндік беру;

- студенттердің білім беру бағдарламаларына немесе оқу пәндерінің мазмұнына әлі енгізілмеген технологиялық жетістіктерге қол жеткізуін қамтамасыз ету;

- кәсіби қызмет түрлерінің студенттердің қолда бар теориялық білімдерімен байланысын қамтамасыз ету;

- студенттердің оқуға деген қызығушылығын арттыру, олардың әлеуетін ашу, кәсіби қызмет туралы көбірек білуге

деген ынтасын арттыру үшін әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану;

- студенттердің еңбек нарығында сұраныс пен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін оқыту формалары мен әдістерін анықтау.

Жұмыс орнында оқыту студенттің келесі іс-әрекетін қамтуы мүмкін, мысалы:

- компания/кәсіпорын қызметкерлерінің жұмысын бақылау;

- оқу кейстерін орындау;

- жағдайаттық мәселелерді шешу, топтық жобаны орындау, анықталған мәселелерді шешу үшін студенттер жұмыс істейтін нақты серіктестік;

- компания/кәсіпорын қызметкерлерімен, менеджермен немесе тәлімгермен кәсіби мәселелерді немесе табылған шешімдерді, таңдалған әдістердің тиімділігі мен нақтылығы, мінез-құлық үлгілерін талқылау.

Жұмыс орнында оқыту студенттерге келесідей мүмкіндік беруі керек:

- оқу процесінде қолдау мен кері байланысты қамтамасыз ететін тәлімгердің болуы;

- сала сарапшыларының кеңестері мен пікірлерін пайдалану;

- қызығушылықтары мен дағдыларына сәйкес келетін әртүрлі күрделі мәселелерді шешу;

- объективті нәтижелер алу;

- практикалық тапсырмаларды орындау үшін теориялық білімдерін жеткілікті пайдалану дербестігіне ие болу;

- әр түрлі контексте субъективті тәжірибе жинақтау;

- жаңа дағдыларды игеру және игеру;

- пәнді оқу кезінде алған теориялық білімдерін бекіту және жүйелеу;

- бастапқы кәсіби тәжірибе алу;

- кәсіби ойлауды дамыту;

- кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру.

Студенттерді жұмыс орнында оқытуды ұйымдастыру кезінде оқушының академиялық және кәсіби жетістіктерін, олардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуін көрсететін тиімді кері байланысты қамтамасыз ету маңызды.

Кәсіптік пән оқытушысы компания қызметкерлерімен әріптестікте технологиялық, техникалық, салалық өзгерістер мен инновацияларға сәйкес жұмыс орнында оқыту бағдарламасының мазмұнын үнемі өзектендіріп отыруы, мамандардың кәсіби құзыреттеріне еңбек нарығының сұраныстарын ескеруі тиіс.

Студенттерді жұмыс орнында оқытуды ұйымдастыру үшін келесі форматты қолдануға болады: жұмыс орнында оқуды бастамас бұрын студенттер қажетті іргелі және кәсіби білім, мәселені шешудің практикалық тәсілдері туралы түсінік алуы керек. Осы мақсатта оқу басталғанға дейін жұмыс орнында дәріс сабақтары өткізіледі. Семинарлар барысында оқытушы студенттерге есептерді шешудің мысалдарын ұсынуы, әртүрлі тәжірибеге бағытталған міндеттерді шешуді ұйымдастыруы, студенттермен жұмыс орнында орындалатын тапсырмалардың мақсаттары мен міндеттерін әртүрлі көзқарастармен талқылауы, бағалау құралдарын түсіндіруі керек. Тәлімгерлік сессиялар кезінде курс оқытушысы техникалық аспектілер, тайм-менеджмент және тәлімгермен, компания/кәсіпорын басшылығымен және қызметкерлерімен өзара іс-қимыл тәсілдері бойынша кеңестер өткізуі, студенттермен алынған нәтижелерді талқылауы, студенттердің үлгерімін бағалауы, олардың сұрақтарына жауап беруі, студенттерді шығармашылыққа, сыни талдауға, пәнаралық білімді қолдануға, итеративті циклдарға ынталандыруы тиіс, бұл студенттерге өз қателіктерінен сабақ алуға және алға жылжуға көмектеседі. Жұмыс орнында практикалық тапсырмаларды орындау барысында студент күнделік жүргізеді, орындалатын тапсырмаларды, оларды шешудің қолданылатын әдістерін, жұмыстың негізгі нәтижелерін сипаттайтын аралық есептер дайындайды. Курсты аяқтағаннан кейін студенттер қорытынды презентацияда жұмыс нәтижелерін ұсынуы, жұмыс барысында

алған дағдылары мен құзыреттіліктерін, нақты жағдайларда білім мен дағдыларды қолдану қабілетін көрсетуі керек.

6 Студенттердің практикалық дағдыларын дамыту үшін контексттік оқыту, тәжірибе негізінде оқыту, кейс-технологиялар, жобалық оқыту әдістерін қолдану ерекшеліктері

Студенттерді даярлау кезінде «контексттік оқытуды», «тәжірибеге негізделген оқытуды», кейс-технологияларды, жобалық оқытуды қолдану оқу кезінде студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі, репродуктивті ойлау түрінен сыни ойлау дағдыларын игеруге, ақпараттың едәуір көлемін игеруден жаңа білімді үздіксіз алу, өз бетінше оқу тәсілдерін игеруге баса назар аудару сияқты факторларға байланысты (3-5 қосымшалар) [45, 46].

Контексттік оқыту, тәжірибеге негізделген оқыту, кейс-технологиялар және жобалық оқыту әдістері студенттердің теориялық білімді қолдану қабілеттері мен практикалық дағдыларын дамытудың тиімді құралы болып табылады. Осы әдістерді қолданған кезде: 1) оқытушы оқу сабақтарын ұйымдастыруға және өткізуге шығармашылықпен қарауы, білім беру бағдарламалары мен жекелеген пәндердің ерекшеліктерін ескере отырып, студенттерді оқытуға әртүрлі тәсілдерді қолдануы маңызды, 2) студенттерге арналған практикалық тапсырмалар білім беру бағдарламасының немесе жеке пәннің ерекшелігіне, оқу процесінің нақты шарттарына, студенттер мен басқа да стейкхолдерлердің қажеттіліктері мен күтулеріне бейімделген, 3) оқытудың студенттердің болашақ кәсіби қызметінің нақты жағдайларына барынша жақын болуы, 4) оқытудың интерактивті болуы, студенттерді дербестікке, сыни тұрғыдан ойлауға және шығармашылыққа ынталандыруы.

Контексттік оқыту - бұл оқытушыға пән мен білім алушыларға таныс және түсінікті нақты өмірлік және/немесе кәсіби жағдайлар арасындағы байланысты орнатуға көмектесетін, сондай-ақ білім алушыларды күнделікті өмірде және кәсіби қызметте қолда бар білім мен олардың қолданылуы

арасында байланыс орнатуға шакыратын оқыту тұжырымдамасы [47-50].

Контексттік оқыту оқу мәселелерін шешуде студенттің мотивациясын арттырады, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көруге, идеяларды жүйелеуге мүмкіндік беретін когнитивті қолдауды қамтамасыз етеді, белгілі бір кәсіби қызметпен байланысты қамтамасыз етеді [51-53].

Контексттік оқыту жеті негізгі компонентті қамтиды: 1) конструктивизм, 2) зерттеу, 3) сұрақтар, 4) қауымдастықтарды зерттеу, 5) модельдеу, 6) рефлексия немесе кері байланыс, 7) шынайы бағалау.

Контексттік оқыту студенттердің болашақ кәсіпте кездесетін нақты жағдааттары мен қиындықтарын оқу тапсырмалары мен жобаларының негізі ретінде қарастырудан басталады, содан кейін талқыланатын оқыту тұжырымдамаларына ауыстырылады.

Контексттік оқытуды келесі жолдармен жүзеге асыруға болады:

- курс дәрістертеріне, практикалық және семинар сабақтарына практикадан нақты жағдайаттарға негізделген тапсырмаларды енгізу;

- оқу бейініне сәйкес келетін компанияларда экскурсиялар, тәжірибелер, жұмыс орнында оқытуды ұйымдастыру.

Тәжірибеге негізделген оқыту - бұл белсенді оқыту технологиясы, онда студент өзінің тәжірибесі арқылы процеске қатысады, практикалық мәселелерді дербес зерттейді, талдайды және шешеді, оқу жобаларын орындайды.

Тәжірибеге негізделген оқытуды келесі әдістерді қолдану арқылы жүзеге асыруға болады:

- студенттердің нақты жобалармен жұмыс істеу барысындағы «әрекет арқылы оқыту» әдісі;

- кәсіби жағдайаттарды модельдеу үшін рөлдік ойындар мен симуляциялар.

Кейс-технологиялар - студенттердің сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталған тәжірибеден немесе мамандандырылған кейс-банктерден

алынған нақты жағдайаттарды (кейстерді) талдауға негізделген оқыту технологиясы.

Кейстер арқылы оқыту студенттерге әртүрлі дағдылардың кең ауқымын алуға көмектеседі. Негізінен кейстер мақсаттары мен мазмұны бойынша ажыратылады, әдетте бірнеше шешімдер және шешімдерді табудың көптеген балама жолдары бар болады (3-кесте).

3-кесте. Кейс түрлері

Кейс түрлері	Кейс мақсаты	Мазмұны
Иллюстрациялық оқу жағдайаттары	Нақты практикалық мысал негізінде студенттерді белгілі бір жағдайатта дұрыс шешім қабылдау алгоритмін құруға үйрету	Жағдайат сипатталып, проблемалар нақты анықталады және тұжырымдалады
Проблеманы қалыптастырумен болатын оқу жағдайаттары	Студенттерді жағдайатқа талдау жасау және көрсетілген мәселені шешу үшін өз бетінше шешім қабылдауға үйрету	Жағдайат сипатталып, проблеманы анықтау
Проблеманы қалыптастырусыз болатын оқу жағдайаттары	Студенттерді проблеманы өз бетінше анықтауға және қолда бар ресурстарды талдау негізінде оны шешудің балама жолдарын табуға үйрету	Мәселе нақты анықталмаған, бірақ статистикалық мәліметтерде, қоғамдық пікірді бағалауда, сарапшыларда, билік органдарында ұсынылған күрделі жағдайат сипатталады
Қолданбалы жаттығулар	Студенттерге мәселені шешудің жолдарын табуға үйрету	Бар мәселенің шешімін табу қажет нақты жағдайат сипатталады

Кейстерге қойылатын негізгі талаптардың қатарына келесіні жатқызуға болады [54]:

- кәсіби қызметке қатысты проблемалары мен жағдайаттрына бағдарлану;
- экономика мен өндірістің қазіргі заманғы проблемаларына сәйкестігі;
- шешімдердің түсініксіздігін қамтамасыз ететін бірқатар қажетті контексттік факторларды қосу;
- бір-бірімен бәсекелес бірнеше шешімдердің болуы.

Кейс-технологиялар келесі жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін:

- студенттердің болашақ кәсіби қызметінің ерекшелігін көрсететін кейстерді қолдана отырып, практикалық және зертханалық сабақтар, семинарлар өткізу;
- кейстерді талдау кезінде дебаттар мен топтық талқылауларды ұйымдастыру.
- кейс тапсырмаларын орындау кезінде белгісіздік пен шешім қабылдау жағдайында балама нұсқаларды бағалау мысалдарын қарастыру;
- кейс-тапсырманы орындау үшін қажетті ақпаратты жинау және талдау бойынша студенттердің жеке және топтық өзіндік жұмысын ұйымдастыру;
- жобаларды орындау және эксперименттік есептерді шешу.

Жобалық оқыту - студенттердің жұмысын ұйымдастыруда әдетте нақты кәсіби қызметті имитациялайтын және студенттерден әртүрлі салалардағы білімді қолдануды, нақты мәселені шешудің теңдестірілген және әр түрлі тәсілдерін дамытуды талап ететін ұзақ мерзімді жобалар бойынша, өз бетінше де, командада да, зерттелетін ақпараттың өзектілігін түсіну және оның практикалық мүмкіндіктерін пайдалануға негізделген оқыту технологиясы,

Жобалық оқыту кезеңдеріне мыналар жатады: зерттеу, мүмкіндіктерді (проблемаларды) анықтау, тұжырымдаманы зерттеу, тұжырымдаманы нақтылау, түпкілікті тұжырымдаманы қалыптастыру.

Жоба негізінен ресурстары, құны шектелген және нақты талаптарға сәйкес келетін мақсатқа жетуге бағытталған қатаң белгіленген мерзімде орындалатын үйлестірілген және басқарылатын қызмет түрлерінің жиынтығы [55].

Жобалардың негізгі сипаттамалары:

- уақыттылық: жобаның орындалу мерзімі уақытпен қатаң шектеледі;
- бірегейлік, өзіндік ерекшелігі және жаңалығы: жобаны орындау нәтижесінде инновациялық нәтижелер, жетістіктер, технологиялар немесе өнімдер алынуы керек;
- реттілік: жоба логикалық реттілікпен орындалатын оған қол жеткізудің мақсаты мен міндеттерін қамтиды.

Жобалық жұмысты ұйымдастыру кезінде:

- жобаны аяқтағанға дейін студенттерге қажетті іргелі және кәсіби білім беру, нақты өндірісте қолданылатын заманауи тәсілдерді түсінуді қамтамасыз ету, студенттерге мәселелерді шешудің мысалдарын көрсету, жобалар тақырыбына байланысты әртүрлі зерттеу міндеттерін шешуді ұйымдастыру;
- студенттердің дайындық деңгейі мен мүдделеріне сәйкес жобалық тапсырмаларды таңдау, өзекті мәселелерді шешуді қамтамасыз ету;
- жоба бойынша жұмыс форматын анықтау: жеке немесе топта. Жобалық жұмысты топтарда ұйымдастыру барысында студенттердің дағдылары сияқты топты қалыптастыру критерийлерін анықтау;
- жобаны орындау нәтижелері бойынша есеп беру нысандарын және оларға қойылатын талаптарды анықтау. Есеп беру нысандары ретінде аралық есептер пайдаланылуы мүмкін, онда студенттер орындалатын тапсырмалар мен оларды шешу әдістерін, қолданылатын математикалық модельдерді, жобалау жұмысының негізгі нәтижелерін және жоба нәтижелерін және жоба бойынша жұмыс барысында

- студенттердің алған дағдылары мен құзыреттерін көрсетуі тиіс қорытынды презентацияны сипаттайды;
- студенттердің үлгерімін бағалау үшін техникалық аспектілер, тайм-менеджмент және топ ішіндегі өзара іс-қимыл тәсілдері, алынған нәтижелерді студенттермен талқылау бойынша кеңестер өткізудің форматын және өткізу кестесін анықтау;
 - бағалау форматын, мерзімдерін және құралдарын анықтау;
 - ғылыми және/немесе инновациялық тәсілді сақтай отырып, жобаларды іске асыру әдістерін таңдауда студенттерге автономия беру.

Жобаны орындау кезінде студенттер мәселені анықтауға және шешуге, деректерді жинауға және талдауға, топ мүшелерімен ынтымақтасуға, ғылыми және кәсіби деңгейде сөйлесуге, көпшілік алдында сөз сөйлеуге, тақырыпты одан әрі дамыту жолдарын көруге үйренеді [56].

Жобада шешілетін мәселелер болуы керек: 1) студенттерді құбылыстарды, фактілерді, олардың арасындағы сыртқы сәйкессіздіктерді теориялық түсіндіруге итермелеуі керек, 2) студенттерге қолданылатын әдістерді практикалық қолдану мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, 3) студенттерді осы зерттелетін құбылысты, фактіні, білім, дағды немесе іскерлік элементін практикалық қолданудың жаңа жолдарын іздеуге бағыттау,

4) студенттерді күнделікті (тұрмыстық) идеялар мен олар туралы ғылыми ұғымдар арасындағы қайшылықтарды тудыратын шындық фактілері мен құбылыстарын талдауға ынталандыру; 5) студенттерге гипотеза жасауға, қорытынды жасауға және оларды іс жүзінде сынауға мүмкіндік беру, 6) студенттерді проблемалық жағдайларды тудыратын фактілерді, құбылыстарды, теорияларды салыстыруға, сәйкестендіруге және қарама-қарсы қоюға ынталандыру, 7) студенттерді жалпыланған фактілердің барлық ерекшеліктерін түсіндіру үшін соңғысының жеткіліксіздігін көрсетуге ықпал ететін қолда бар білім негізінде жаңа фактілерді алдын ала жалпылауға ынталандыру, 8) студенттерді ғылым тарихында ғылыми проблемаларды қоюға алып келген фактілермен

таныстыру, 9) ықтимал проблемалық жағдайлардың ауқымын кеңейту мақсатында пәнаралық байланыстар орнатуды қамтамасыз ету, 10) вариация, міндеттер мен мәселелерді қайта тұжырымдауға мүмкіндіктер беру [57, 58].

Жобалық оқыту әдісін қолдану кезінде оқытушы:

1. Студенттердің нақты мәселелерді шешу тәжірибесін дамыту, студенттерді қызықтыруы мүмкін маңызды мәселелер төңірегінде жобалық жұмысты ұйымдастыру, тәжірибеге негізделген практикалық оқыту мүмкіндіктерін ұсыну;
2. Ерекше, күтпеген, стандартты еместігімен студенттердің қызығушылығын оятатын жобада шешілетін мәселелерді таңдау. Бұл әсерге мұғалім нақты және көрінетін немесе тіпті арнайы ұйымдастырған қайшылықтарды максималды екіпін беру әдісін қолдану арқылы қол жеткізуге болады;
3. Проблемалық есептерді шешуде студенттердің пәнаралық білім мен тәсілдерді қолдануын ынталандыру, пәнаралық жобаларды орындауға тарту;
4. Студенттерге сәтсіздіктерінен үйренуге, прогреске жетуге көмектесетін итеративті циклдарды қолдану;
5. Процеске, ынтымақтастыққа, шығармашылыққа және сыни ойлауға бағытталған бағалаудың балама түрлерін қолдану (портфолио, презентация, көрме және өзін-өзі бағалау), студенттердің білім мен дағдыларды нақты өмірде қолдану қабілетін демонстрациялау;
6. Студенттерге проблемаларды шешуге, өнімді әзірлеуге, нәтижелер мен өндіріс процесін бағалауға, бүкіл процесте қолдау мен кері байланыс беруге көмектесу [59];
7. Студенттердің зерттеулерін қолдау және жобаларды жүзеге асыру үшін әртүрлі ресурстарға, материалдарға және құралдарға қол жеткізуді қамтамасыз ету;
8. Студенттерге қажетті сараптамалық қолдау көрсету үшін компаниялармен, сыртқы ұйымдармен серіктестікті пайдаланыңыз.

Жобалық оқытудың артықшылығы ретінде әдістің келесілерге мүмкіндік беретіндігінде [60]:

- пайдаланушылардың қажеттіліктерін жақсы түсіну үшін студенттердің эмпатиясын дамытуға көмектеседі;
- студенттердің мықты жақтарын және олардың инновациялық қабілеттерін ашады;
- студенттердің зейінін, бақылағыштығын, дербестігін, ойлаудың стандартты еместігін және шешім қабылдағыштығын дамытады, танымдық қызметін жандандырады;
- күрделі мәселелерді тиімді шешуге көмектеседі;
- білім алушылардың бастамашылығын дамытады;
- білім алушыларға үлкен автономия береді;
- коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді;
- студенттердің қатысуы мен жауапкершілігін, сыншылдық пен өзін-өзі сынауды дамытады;
- білім алушылардың ой-өрісін кеңейтеді.

Проблемалық оқытудың кемшілігі - әрдайым оқу процесінде студенттің түсіну және шешу жолдарын іздеумен байланысты қиындық туғызады, бұл өз кезегінде дәстүрлі оқытуға қарағанда едәуір көп уақытты қажет етеді [61].

7 Оқытудың корпоративтік нысандарын қолдану барысындағы студенттердің кәсіби жетістіктерін бағалау және мониторингілеу нысандары

Оқытудың корпоративтік нысандарын қолдану кезіндегі білім алушылардың кәсіби жетістіктері - бұл ғылыми және кәсіптік білімді, іскерлікті, дағдылар мен құзыреттерді игеру дәрежесі мен тереңдігін (деңгейін), сондай-ақ бағаланатын тапсырмаларды орындау кезінде білім алушылардың кездесетін қиындықтарын ескеретін нақты компанияның немесе кәсіпорынның жұмысына барынша жақын жағдайларда білім алушылар қызметінің өлшенетін нәтижелері [62, 63].

Студенттердің кәсіби жетістіктерін бағалау мен мониторингін бағалау рәсімдерін орындаудың «дұрыстығы», олардың орындылығы, ұтымдылығы, тиімділігі, ғылыми негізділігі, функционалдығы, нәтижелілігі тұрғысынан жүргізу қажет. Білім алушылардың кәсіби жетістіктерін бағалау және

мониторинг жүргізу кезінде орындау барысындағы білім алушының қателіктер жіберетін іс-әрекеттері мен операцияларды анықтау, бағаланатын тапсырмаларды орындау кезінде тиімсіз тәсілдерді қолдану себептерін анықтау, мүмкіндіктерді, әлеуетті және пайдаланылмаған резервтерді зерделеу, білім алушының кәсіби қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу маңызды [54, 64].

Білім алушылардың кәсіби жетістіктерін бағалаудың бірқатар ерекшеліктері бар [54]:

1) бағалаудың контекстік сипаты: бағалаудың мазмұны мен нысанының кәсіби қызметтің мазмұнымен және нысандарымен байланысын қамтамасыз ету маңызды;

2) бағалаудың интегративті сипаты: студенттің кәсіби қызмет жағдайында білім мен дағдыларды қолдануға дайындығын интеграцияланған тексеруді қамтамасыз ету, сондай-ақ білім алушының кәсіби маңызды жеке қасиеттерін, оның еңбек нәтижелерінің сапасын арттыратын құндылық бағдарларын, яғни жалпы құзыреттіліктерін бағалау маңызды;

3) бағалаудың бинарлық сипаты: құзыреттердің болуы дуальды бағалауды болжайды, яғни егер студенттің іс-әрекеті белгіленген нормаларға толық сәйкес келмесе, онда оның біліктілігі бар екенін тану мүмкін емес.

Студенттердің кәсіби жетістіктерін бағалау және бақылау үшін олардың кәсіби құзыреттілігінің оң динамикасын анықтауға мүмкіндік беретін әртүрлі сандық, сапалық және аралас әдістер мен құралдарды қолдану қажет.

Бағалау мен мониторингтің сандық әдістері (рейтинг әдісі, стандартты бағалау әдісі, адалдықты бағалау, жұмыс стандарттары мен нормативтерін белгілеу, графикалық бейін жүйесі, рейтингтік әдіс және т. б.) белгілі бір критерийлерді, стандартты шкалаларды, адалдықты бағалау сауалнамаларын пайдалана отырып, сондай-ақ жұмыс көрсеткіштерін белгіленген стандарттармен немесе нормативтермен салыстыру, белгіленген стандарттармен немесе іскерлік қасиеттер мен кәсіби құзыреттерді, жұмыс сипаттамалары мен көрсеткіштерін баллдық бағалау нәтижелерінің негізінде, жалпы балл санының сомасы бойынша білім алушыларды салыстыру негізіндегі

нормативтермен графикалық бейінді құрастыру арқылы жүргізіледі.

Бағалаудың және мониторингтің сапалы әдістерінде (қасиеттер әдісі, матрицалық әдіс, ерікті сипаттамалар жүйесінің әдісі, орындалатын кәсіби қызметті талдау негізінде бағалау, "360 градус" әдісі, 3D бағалау, топтық пікірталас, нақты жағдайды талдау, құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды (ҚБТ) шешу, ауызша және жазбаша емтихандар, сауалнама, құзыреттілікті бағалау, сауалнама, салыстыру әдісі жұптар бойынша және т. б.) тиімді кәсіби қызметпен байланысты іскерлік және жеке қасиеттердің айқындылық дәрежесін баллдық бағалау жүргізіледі, жұмыс орнындағы студенттің нақты қасиеттері мен құзыреттіліктерін жүргізіліп жатқан практикалық оқыту аясындағы лауазымға орналасу үшін қажетті қасиеттер мен құзыреттер жиынтығымен салыстыру жүргізіледі, типтік өндірістік міндеттер мен проблемалар тақырыптарын бойынша әңгімелесу, топтық пікірталас қорытындылары бойынша бағалау, нақты өндірістік жағдайды шешуді немесе жағдайды модельдеуді, жағдайды талдауды және белгілі бір мәселені шешу үшін дайындалған ұсыныстарды бағалау, оқу жобасын орындау нәтижелерін бағалау жүргізіледі [65].

Аралас бағалау және мониторинг әдістерінде (сараптамалық бағалау әдісі, іскерлік ойын, әңгімелесу, тестілеу, мақсатқа жету әдісі, бағдарламаланған бақылау, бағалау орталықтарының әдісі, тиімділіктің негізгі көрсеткіштерінің әдісі, кейс-тапсырмалар, ассесмент-орталық және т. б.) сарапшылар тобы студенттің әрбір сипаттамасын бағалау, имитациялық және дамытушы іскерлік ойындар шеңберінде көрсетілген құзыреттерді бағалау, әңгімелесу қорытындылары бойынша бағалау, өндірістік міндеттер мен тестілерді шешу, бақылау сұрақтарының көмегімен белгілі бір кезеңдегі оқыту нәтижелеріне, кәсіби білім мен құзыреттерге қол жеткізуді бағалау, кейс және жағдайаттық тапсырмаларды шешу қорытындылары бойынша кешенді бағалау, жұмыс жағдайларын, өндірістік міндеттерді модельдеу, бағаланатын құзыреттердің көріністерін кешенді бағалау жүргізіледі.

4-кесте. Инженерлік ойлаудың әртүрлі компоненттерінің қалыптасуын бағалауға арналған эксперименттік есептер мен сауалнамалардың мысалдары

Тапсырма	Сұрақтар			
	Конструктивтік компонент	Техникалық компонент	Зерттеушілік компонент	Экономикалық компонент
Суды қағаз шыныаяққа қайнату	Әрекет жоспарын сипаттау	Эксперименттік қондырғы қандай болады?	Байқалған құбылысты қалай түсіндіруге болады?	Тәжірибені экономикалық тұрғыдан арзан ету үшін не қажет?
Фарфор мен алюминийдің жылу өткізгіштігін салыстыру	Мақсатқа жету жолында қандай міндеттерді бөліп алуға болады?	Қажетті жабдықты тізімденіз	Тапсырма жауабын қалай тексеруге болады?	Тәжірибе жасау барысында қандай жабдықтарды пайдалану оңайырақ? Алынған нәтижелер мен қорытындыларды қайда пайдалануға болады?

Кәсіби жетістіктерді бағалау және мониторингілеу студенттің кәсіби міндеттерді орындау сапасын, олардың осы міндеттерді орындау үшін қажетті білім, білік және құзыреттілік деңгейін талдауға, студенттердің кәсіби қабілеттері мен бәсекелестік артықшылықтарын ашуға мүмкіндік беруі тиіс. Студенттердің кәсіби жетістіктерін бағалау және мониторинг жүргізу кезінде теориялық және практикалық тапсырмалар пайдаланылуы мүмкін. Теориялық тапсырма студенттің алған теориялық білімін, кәсіби қызметтің ғылыми негіздерін түсінуін, танымдық дағдылардың қалыптасуын тексеруді қамтамасыз етуі, ал практикалық тапсырма үлгілік оқу, жағдайаттық, оқу-кәсіби міндеттерді шешуде дағдылар мен іскерліктерді тексеру

үшін пайдаланылуы тиіс [54]. Ұжымдық қызметке бағдарланған практикалық тапсырмаларды пайдалану кезінде әрбір қатысушының жеке үлесі мен жеке жетістіктерін бағалау мүмкіндігі көзделуге тиіс.

Практикалық тапсырмалар шеңберінде кәсіби қызметтің нақты немесе модельдік жағдайларында нақты жұмыстарды орындау, алынған өндірістік ақпаратты өңдеу және талдау, жобаны әзірлеу және қорғау және т.б. көзделуі мүмкін. Практикалық тапсырмаларды орындау кезінде кәсіби қызметпен бірге жүретін тиісті шектеулер белгіленуі керек (мысалы, іс-әрекеттің уақыты мен дәлдігі, жұмыс жылдамдығы және т.б.). Мәселен, мысалы, инженерлік ойлаудың қалыптасу дәрежесін эксперименттік есептер мен инженерлік ойлаудың әр компоненті үшін тұжырымдалған бірқатар сұрақтар арқылы анықтауға болады: техникалық, конструктивтік, зерттеушілік және экономикалық [66] (4-кесте).





Сондай-ақ, инженерлік ойлаудың техникалық компонентіндегі білім мен түсіну деңгейін бағалау үшін Беннетт тестін қолдануға болады [67]. Оның көмегімен адамның техникалық сызбаларды оқу, техникалық құрылғылардың схемаларын және олардың жұмысын түсіну, физикалық және техникалық мәселелерді шешу қабілеті тексеріледі. Мұндай тест тапсырмаларының мысалдары 5-кестеде келтірілген.

Кәсіби жетістіктерді бағалау және мониторинг жүргізу кезінде студент диалог, рефлексия, интерактивті өзара іс-қимыл және т.б. форматтардағы барлық рәсімдерге белсенді қатысуы, бағалау критерийлерін білуі тиіс [65].

Өзін-өзі тиімді бағалау үшін қажет [54]:

- студентті қызметті және оның нәтижелерін бағалаудың жалпы принциптері мен стратегияларына алдын-ала үйрету;
- өзін-өзі бағалаудың маңызды шеңберін анықтауға мүмкіндік беретін критерийлердің белгілі бір тізімін қолдану;
- өзін-өзі бағалауды сыртқы бағалаумен үйлестіруді қамтамасыз ету (білікті сарапшылардың, басқа білім алушылардың бағалауы және т. б.);
- білім алушыны өзін-өзі бағалау нәтижелерін әрі қарайғы әрекеттерді өз бетінше жоспарлау үшін пайдалануға үйрету.

5-кесте. Инженерлік ойлаудың техникалық компонентіндегі білім мен түсіну деңгейін бағалауға арналған тест тапсырмаларының мысалдары:

 <p>Жүкті ұстап тұру үшін қандай шынжыр қажет?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) A 2) B 3) C 	 <p>Егер төменгі доңғалақ тілшемен көрсетілген бағытта айналса, онда X осі қай бағытта айналады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) A 2) B 3) екі жақта
 <p>Егер сол жақ беріліс көрсетілген бағытта бұрылса, онда оң жақ беріліс қай бағытта бұрылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) A 2) B 3) екі жақта 	 <p>Су көрсетілген бағытта ағып жатқан өзенде үш турбина орнатылған. Құбырлардан су олардың үстіне түседі. Турбиналардың қайсысы жылдам айналады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) A 2) B 3) C

Бағалау материалдарын (БМ) әзірлеу және студенттердің кәсіби жетістіктерін бағалау мен мониторинг жүргізу кезінде келесі принциптер мен тәсілдерді сақтау қажет [68]:

- компанияның, саланың, тұтастай алғанда елдің экономикасының нақты ерекшеліктері мен жай-күйін,

технологиялық дамудың әлемдік үрдістеріне сәйкес келетіндігін ескеру қажет;

- белгіленген экологиялық және санитарлық-гигиеналық талаптарды, қауіпсіздік талаптарын және студенттердің компанияда практикалық оқыту кезінде, кәсіби тәжірибелер мен тағылымдамалар кезінде олардың сақталуын ескеру;
- функционалдық-логикалық принциптерді, кәсіби дағдыларды талдау және бағалау критерийлерін және кәсіби міндеттерді орындау нәтижелерін, қызметтің жалпы теориясының түсініктері мен категорияларын ескеру және қолдану;
- студенттердің кәсіби жетістіктерін бағалау және моторинг форматын (әңгімелесу, тестілеу, емтихан тапсырмалары, бақылау, Бақылау, жағдайларды модельдеуді ұйымдастыру, рефлексия және т. б.) олардың жеке ерекшеліктерін, компанияның ерекшеліктерін және студенттің жұмыс орнында практикалық оқыту кезінде орындайтын қызмет түрлерін, кәсіби тәжірибелер мен тағылымдамаларды және оларға қойылатын талаптарды, бағалау пәнін (білім, білік, құзыреттілік, практикалық қызмет нәтижелері) ескере отырып анықтау;
- студенттердің кәсіби жетістіктерін бағалау материалдарын, бағалау құралдарын және мониторингін жаңарту кезеңділігін анықтау;
- студенттердің кәсіби жетістіктерін бағалау мен бақылаудың бір мәнді критерийлерін қолдану;
- студенттердің көрсеткен білімдерін, дағдылары мен құзыреттерін көрнекі, белгіленген өлшенуін қамтамасыз ететін кәсіби жетістіктерін бағалау және моторинг индикаторларын қолдану,
- бағалау материалдарының мазмұны бойынша компания мен сала сарапшыларының, кәсіби қоғамдастық өкілдерінің пікірлерін ескеру қажет.

Білім алушылардың кәсіби жетістіктерін бағалау және мониторингтеу рәсімін дайындау және ұйымдастыру кезінде келесі кезеңдерді орындаған жөн [54]:

- 1) бағаланатын құзыреттердің байланысы мен салыстырмалылығын айқындау және оларды топтарға біріктіру;
- 2) бағалау объектілерін (студенттің құзыретті іс-әрекеттерінің нәтижесі болып табылатын объектілерді, құбылыстарды, қызмет процестерін, қызмет өнімдерін) айқындау;
- 3) бағалау және мониторинг барысында алынған нәтижелердің дұрыстығы мен сенімділігін қамтамасыз ететін бағалау рәсімін жүргізу шарттарын белгілеуге, кәсіби жағдайға қойылатын талаптарды айқындауға;
- 4) бағалау нысандарын таңдау (мысалы, кәсіби қызмет жағдайын модельдеуді (имитациялауды), сараптамалық бағалау әдісін, портфолионы және т. б. қамтитын емтихан.);
- 5) бағалау пәні, объектілері, қандай да бір тапсырманы орындау шарттары, сондай-ақ бағалаудың белгіленген нысандары мен әдістері туралы ақпаратты ескере отырып, нәтижені бағалау көрсеткіштерін және оларға сәйкес критерийлерді таңдауға;
- 6) білім беру процесінің барлық кезеңдерінде білім алушылардың кәсіби жетістіктерін бағалау рәсімдерін айқындайтын әдістемелік, нормативтік және нұсқаулық материалдарды әзірлеу;
- 7) білім беру процесіне әртүрлі қатысушылардың бағалау нәтижелерін бір мәнді түсіндіруді қамтамасыз ететін білім алушылардың кәсіптік жетістіктерін бағалау нәтижелерін өңдеу және ұсыну тәсілдері мен әдістерін таңдау;
- 8) бағалау материалдарының сапасын бағалау, бағалау материалдарының сараптамасы және оны жүргізу кезеңділігі және т. б. бойынша регламенттеуші құжаттарды әзірлеуге міндетті.

Білім алушылардың кәсіби жетістіктерін математикалық бағалауды 1) жекелеген модульдер, 2) ағымдағы бақылау, 3) пәнді оқу қорытындылары бойынша, 4) аттестаттау комиссиясы жұмысының қорытындылары бойынша оқу нәтижелерінің мониторингі шеңберінде кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін бағалау әдісін пайдалана отырып жүргізуге болады [69].

Бірінші кезең студенттердің қазіргі кәсіби жетістіктері туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Екінші кезеңде кейінгі модульдердегі кәсіби құзыреттіліктің дамуын жоғары деңгейде бағалауға мүмкіндік беретін әртүрлі кешенді тәсілдерді қолдануға болады.

Сандық бағалау үшін құзыреттіліктерді меңгеру дәрежесінің көрсеткішін K_1 қолдануға болады, бұл реттер студентінің рейтингтік балдары R_1 санының ағымдағы максималды мүмкін болатын ең жоғары балл санына қатынасы ретінде есептейміз: $R_{\max}: K_1 = R_1 / R_{\max}$

Үшінші кезеңде білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін бағалау студенттің емтиханда алған балдарының R_2 алуға болатын ең жоғары балл санына қатынасы ретінде $R_{\max ex}: R_2 / R_{\max}$ есептелуі мүмкін.

Бағалаудың екінші және үшінші кезеңдерінің нәтижелерін ескере отырып, құзыреттіліктің қалыптасу деңгейінің жиынтық мәнін мына формула бойынша есептеуге болады:

$K_1 = R_1 / R_{\max} + R_2 / R_{\max ex}$. Аттестаттау комиссиясы жұмысының қорытындылары бойынша оқу нәтижелерінің мониторингі кезеңінде студенттердің оқу деңгейін аттестаттау комиссиясы студентке қойған O_{IIA} бағасының қорытынды аттестаттауындағы ең жоғары мүмкін бағаға O_{\max} қатынасы ретінде есептеуге болады: $\frac{O_{IIA}}{O_{\max}}$.

Бағалаудың барлық кезеңдерінің нәтижелерін ескере отырып кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін есептеу үшін келесі формуланы қолдануға болады:

$$K = \frac{O_{IIA}}{O_{\max}} + \sum_{i=1}^N \left(\frac{R_{1i}}{R_{\max i}} + \frac{R_{2i}}{R_{\max ex i}} \right),$$

мұндағы N – кәсіптік құзыреттілікті қалыптастыратын оқытылатын пәндер саны.

Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейінің көрсеткішін (K_2) есептеу үшін үш деңгейді қамтитын білім беру бағдарламасының практикалық бөлігі шеңберінде студенттердің қызметін бақылау кезінде субъективті шкалалау әдісін де қолдануға болады:

1) А-құзыреттері - оқытылатын пән саласындағы оқу және кәсіптік міндеттерді шешуге байланысты есептік құзыреттер, 2) В-құзыреттері - эксперименттік құзыреттер, 3) С құзыреттері - инженерлік және жаратылыстану-ғылыми бейіндегі студенттердің болашақ кәсіптік қызметіне тікелей байланысты практикалық құзыреттер [69]. Бұл әдісті қолданған кезде кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейінің көрсеткіші студенттің сыртқы іс-әрекетінде алған білімі мен дағдыларын сипаттайды. АВС-құзыреттерінің әрқайсысы үшін төменгі деңгейден жоғары деңгейге дейінгі прогрессияда өлшеудің балдық шкаласын жасау қажет. Шкала ұзындығы әртүрлі болуы мүмкін. Құзыреттілікті кодтау жүйесінде «0» студенттің бұл құзыреттілікті көрсетпейтінін білдіреді, теріс ұпайлар құзыреттіліктің көрінісі белгілі бір зиян келтіруі мүмкін дегенді білдіреді (6-кесте).

6-кесте. Кәсіби құзыреттілікті өлшеу шкаласы

Балдар, R	Сипаттамасы
А-құзыреттері – оқытылатын пән саласындағы оқу және кәсіптік міндеттерді шешуге байланысты есептік құзыреттер	
-1	Қате білім. Шындыққа сәйкес келмейтін заңдарды, теорияларды, фактілерді, принциптерді, тәсілдерді, деректерді пайдаланады
0	Білімнің болмауы. Кәсіби терминологияны білмейді, негізгі заңдар мен теорияларды қолдана алмайды
1	Білімнің жеткіліксіздігі. Жеке кәсіби терминдерді, заңдарды, принциптерді, формулаларды, теория ережелерін, зерттелетін объектілердің қасиеттерін дұрыс қолдана алады
2	Жеткілікті білім. Кәсіби терминдерді, заңдарды, принциптерді, теорияларды, формулаларды, зерттелетін объектілердің қасиеттерін дұрыс қолданады
3	Білу және түсіну. Арнайы кәсіби терминологияны қолданады, пәнді сапалы және сандық деңгейде зерттеу объектілерін сипаттайды
4	Қолдану. Процестер мен құбылыстарды сипаттау үшін принциптерді, ережелерді, теорияларды, заңдарды, формулаларын қолданады, жабық типтегі есептер мен мәселелерді шешеді
5	Талдау. Зерттелетін пән шеңберіндегі объектілердің қасиеттері мен процестері туралы ақпаратты талдайды, таниды және жіктейді, ашық типтегі есептер мен мәселелерді шешеді
6	Синтез. Зерттелетін пән шеңберінде объектілердің қасиеттері, процестер мен құбылыстардың сипаттамалары туралы алынған ақпаратты жүйелейді, проблемаларды шешу жолдарын ұсынады
7	Бағалау. Алынған ақпаратты бағалайды және мәселені шешудің оңтайлы әдісі бойынша ұсыныстар береді
В-құзыреттер – эксперименттік құзыреттер	
-1	Оқу және / немесе зерттеу зертханасында, компаниядағы жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс істеу ережелері мен талаптарын бұзады

0	Стандартты зертханалық зерттеулер жүргізе алмайды, зерттелетін пән шеңберінде объектілерді, құбылыстарды, процестерді зерттеу үшін стандартты жабдықты шебер пайдаланбайды, компаниядағы жұмыс орнында стандартты өлшеу және зертханалық функцияларды шебер орындамайды
1	Зерттелетін пән шеңберінде объектілердің, құбылыстардың, процестердің қасиеттерін зерттеуге арналған зертханалық жабдықты пайдалана отырып, үлгі бойынша стандартты зертханалық, өлшеу рәсімдерін жүргізуді жүзеге асырады, қадамдық нұсқаулыққа сәйкес компаниядағы жұмыс орнында стандартты өлшеу және зертханалық функцияларды орындайды
2	Ойтылатын пән шеңберінде стандартты зертханалық процедураларды, объектілерді, құбылыстарды, процестерді негіздейді және жүргізеді, объектілердің қасиеттерін, құбылыстар мен процестердің сипаттамаларын зерттейді
3	Оқытылатын пән шеңберінде объектілердің қасиеттеріне, құбылыстар мен процестердің сипаттамаларына бақылау, өлшеу, мониторинг жүргізеді
4	Оқытылатын пән шеңберіндегі объектілерді, құбылыстар мен процестерді бақылау және өлшеу нәтижелерін құжаттайды
5	Зертханалық өлшеулер барысында алынған деректерді сапалық және сандық өңдеуді жүргізеді, олардың дұрыстығы мен маңыздылығын бағалайды, қателіктерге талдау жүргізеді, шаманың ретін бағалайды, өлшенетін шамалардың өлшемдерін дұрыс пайдаланады, оқытылатын пән шеңберінде тиісті заңдар мен теорияларды қолдана отырып есептеулер жүргізеді
6	Зертханалық эксперимент / практикалық тапсырма нәтижелерін олардың теорияға сәйкестігін ескере отырып кіріктіреді
7	Алынған нәтижелерді одан әрі эксперименттік жұмыстарда қолданады

С құзыреті – инженерлік және жаратылыстану-ғылыми бейіндегі студенттердің болашақ кәсіби қызметіне тікелей байланысты практикалық құзыреттер	
-1	Болашақ кәсіби қызметі туралы түсінігі жоқ
0	Оқытылатын пәндер теориясы мен болашақ кәсіби қызмет арасындағы байланысты көрмейді
1	Физиканың негізгі заңдарын, құбылыстарды, процестерді, теорияларды, оқытылатын пән шеңберіндегі жалпы заңдылықтарды біледі, жұмыс орнында қадам бойынша нұсқауларды орындай алады
2	Физикалық процестер мен құбылыстардың, инженерлік тәсілдер мен технологиялардың ең көп таралған принциптерін біледі, оларды іс жүзінде қолдана алады
3	Ғылым мен инжинирингте жобалаудың, модельдеудің, прототиптеудің жалпы принциптерін меңгерген
4	Ғылыми және инженерлік процестерді жобалаудың жалпы принциптерін меңгерген және оларды практикада қолданады
5	Процестер мен құбылыстардың математикалық модельдерін құрудың, стандартты емес есептерді шешудің жалпы принциптерін меңгерген
6	Процестер мен құбылыстарды автоматтандырылған жобалау және модельдеу жүйелерін қолданады
7	Өндірістік процестер мен құбылыстарды модельдеу және оңтайландыру әдістерін қолданады, балама шешімдерді ұсынады, ең оңтайлы шешімді таңдайды және таңдауды негіздейді

Бұл жағдайда кәсіби құзыреттілігін меңгеру деңгейінің көрсеткіші K_2 әрбір шкала бойынша (R_A, R_B, R_C) студент алған баллдардың (R_A, R_B, R_C) осы шкала бойынша мүмкін болатын ең жоғары балл санына ($S_{A_{max}}, S_{B_{max}}, S_{C_{max}}$) қатынастарының арифметикалық орташа мәніне тең болады:

$$K_2 = \left(\frac{R_A}{S_{A_{max}}} + \frac{R_B}{S_{B_{max}}} + \frac{R_C}{S_{C_{max}}} \right) / 3$$

Кәсіби құзыреттілікті меңгеру деңгейінің есептелген көрсеткіштері студенттің қол жеткізген оқу нәтижелерінің сандық көрсеткіштері болып табылады. Мысалы, 7-кестеде кәсіптік құзыреттілікті меңгеру деңгейінің оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкестігі критерийлері келтірілген.

7 –кесте. Кәсіби шеберлік деңгейінің оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкестік критерийлері [69]

Сәйкестік	K_2 көрсеткіші
Қанағаттанарлықсыз	$K_2 < 0,4$
Қанағаттанарлық	$0,4 \leq K_2 \leq 0,6$
Жақсы	$0,6 \leq K_2 \leq 0,8$
Жоғары	$0,8 \leq K_2 \leq 1,0$

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. Решта И.В., Панин П.С. Оценка: От и До.– Новосибирск: НП «ИНА-Центр», 2015.– 44 с.
2. Лебедева Т.Н. Инженерное мышление: определение и состав его компонентов //Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. 2015. №4-3. С. 66-68.
3. Переподготовка как ответ на вызовы нового мира работы. Аналитический отчет /<https://sberuniversity.ru/edutech-club/research/perepodgotovka-kak-otvet-na-vyzovy-novogo-mira-raboty/>.
4. Масалимова А. Корпоративное образование в России и зарубежом /https://dspace.kpfu.ru/xmlui/bitstream/handle/net/32951/Korporativnoe_obrazovanie_v_Rossii_i_zarubezho_m.pdf?sequence=-1&isAllowed=y.
5. С.Г. Карстина, Э.К. Мусенова. Формы и направления корпоративного сотрудничества вузов и компаний в рамках образовательных программ естественнонаучного и инженерного профилей // Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика». - 2024, 29, 1(113). - С.123-137. <https://doi.org/10.31489/2024Ped1/123-137>.
6. Lok-Wang R. An Approach on Integrating Cooperative Education Experience into the Engineering Curriculum / R. Lok-Wang // World Academy of Science, Engineering and Technology International Journal of Educational and Pedagogical Sciences. – 2023. – Vol.17, №6. - P. 386-389.
7. Fernandes G. Stakeholder Management in University-Industry Collaboration Programs: A Case Study / G. Fernandes, M. Capitão, A. Tereso, J. Oliveira, E.B. Pinto // In International Conference Innovation in Engineering. – 2022. – P. 134–147.
8. Fernandes G. Risk Management in University–Industry R&D Collaboration Programs: A Stakeholder Perspective / G. Fernandes, J. Domingues, A. Tereso, C. Micán, M. Araújo // Sustainability. – 2023. - №15.– P. 319. <https://doi.org/10.3390/su15010319>.
9. Rybnicek R. What makes industry–university collaboration succeed? A systematic review of the literature / R. Rybnicek,

R.Königsgruber// Journal of Business Economics. – 2019. – Vol. 89. – P. 221–250. <https://doi.org/10.1007/s11573-018-0916-6>.

10. Karstina S.G. Engineering Training in The Context of Digital Transformation /S.G.Karstina//2022 IEEE Global Engineering Education Conference (EDUCON).-Tunis, Tunisia: 2022.–P.1062-1068.

11. Karstina S.G. The Role of Inter-institutional Cooperation in Engineering Training In /S.G.Karstina//: Auer, M.E., Hortsch, H., Michler, O., Köhler, T. (eds) Mobility for Smart Cities and Regional Development - Challenges for Higher Education. ICL 2021. Lecture Notes in Networks and Systems. – 2022. –Vol. 389. – P. 67-74. https://doi.org/10.1007/978-3-030-93904-5_7.

12. Karstina S.G. Educators Training in the Context of Socio-Economic and Technological Trends of Kazakhstan /S.G.Karstina// In: Auer, M.E., Rüttnann, T. (eds) Educating Engineers for Future Industrial Revolutions. ICL 2020. Advances in Intelligent Systems and Computing. – 2021. – Vol. 1329. – P. 68-75. Springer, Cham. https://doi.org/10.1007/978-3-030-68201-9_7.

13. Karstina S.G. Modern Approaches To Preparing Engineering Personnel in Kazakhstan in the Context of Social, Economic and Technological Trends /S.G.Karstina, A.T. Makhabayeva, A.A. Khamit, A.S. Prutko // Education and Science without borders. – 2019. – Vol. 20 (10). – P. 47-50.

14. Карстина С.Г. Влияние цифровых трансформаций на подготовку инженерных кадров /С.Г. Карстина, К.М. Маханов, О.Л. Коваленко //Управление устойчивым развитием. – 2020. - №5 (30). - С.94-99.

15. Академическая политика НАО «Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова» / https://up.buketov.edu.kz/academ-polit/academic_policy_ru.pdf.

16. Большая российская энциклопедия / <https://bigenc.ru/c/indikator-b88934>.

17. К.Соважо, Н.Белла. Образовательные индикаторы и политика: практическое руководство. - 2003. https://www.etf.europa.eu/sites/default/files/m/05E9D5BB8D5113C7C12579C9003A8C1B_KI_HANDBOOK_03_RU.pdf.

18. Полякова Т.Ю., Приходько В.М. Компетенции преподавателя технического вуза России и зарубежом // Высшее образование в России. – 2022. – Т. 31, №7. – С. 61-78.
doi: 10.31992/0869-3617-2022-31-7-61-78.

19. Stoof A., Martens R.L., Van Merriënboer J.J.G., Bastiaens T.J. The Boundary Approach of Competence: A Constructivist Aid for Understanding and Using the Concept of Competence. *Human Resource Development Review*. 2002 Vol. 1, Issue 3, P. 345–365.

20. Кокоева Р.Т., Хетагов В.К. Профессиональные компетенции преподавателя высшей школы // Современные проблемы науки и образования. – 2019. – №3;
URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=28800> (дата обращения: 04.03.2024).

21. Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area (ESG). Brussels, Belgium, 2015.

22. Worldwide CDIO Initiative. URL: <http://www.cdio.org/> (дата обращения: 04.03.2024).

23. Smyrniou Z., Pantazopoulou E., Argyri P., Georgakopoulou E. The Case of Greece on Mentoring Programs in the Context of Erasmus+LOOP Project-Scaffolding in Teacher Development: Mentoring and Mentors in Induction Programs // *International Journal of Arts and Social Science*. – 2023. – Vol. 6 (8). – P. 102-120.

24. Карстина С.Г., Шкутина Л.А., Мусенова Э.К., Тусупбекова А.К. Профессиональное развитие преподавателей и наставников инженерных и естественно-научных дуальных программ // *Педагогические науки*. - 2024. № 1 (72). - С.13-31.
doi: 10.48371/PEDS.2024.72.1.001.

25. Sánchez-Prieto J.; Trujillo-Torres J.M.; Gómez-García M., Gómez-García G. Incident Factors in the Sustainable Development of Digital Teaching Competence in Dual Vocational Education and Training Teachers. *Eur. J. Investig. HealthPsychol. Educ.* – 2021. – Vol. 11. – P. 758–769. <https://doi.org/10.3390/ejihpe11030054>.

26. Федорова А.И., Иванов В.И., Иванова С.В. Модель профессиональной переподготовки педагогических кадров в условиях дуального обучения // *Вестник ЧГПУ им. И.Я.Яковлева*. - 2021. - №3 (112). - С. 189-200. DOI: 10.37972/chgpu.2021.112.3.024.

27. En T.H., Sai'en S., Zin T.C., Wen Ng.W., Selvan ST.P., Rasi H.H., Kadir R.A. Challenges Faced by Trainee Teachers at IPGKPT in Technical and Vocational Education Training (TVET) for Special Needs Students // Proceedings of the International Conference on Special Education. –2023. -Vol.5. - P. 176-184.

28. Marinič P. Identity of Vocational Education and Training Teacher: Pathways and Competences // Proceedings of the 19th European Conference on Management Leadership and Governance, ECMLG 2023. – 2023. - P. 488-494. DOI: 10.34190/ecmlg.19.1.1904.

29. Оттева И.В., Рудецкая А.В. Проблемы, тенденции и триггеры развития ДПО в регионе // Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки. - 2023. - №5. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/problemy-tendentsii-i-triggery-razvitiya-dpo-v-regione> (дата обращения: 13.11.2023).

30. Сериков В.В. Образование и личность: Теория и практика проектирования педагогических систем. М.: Логос, 1999. 272 с.

31. Иванова О.Е. Теория обучения в информационном обществе. М.: Просвещение, 2011. - 190 с.

32. Поливанова К.Н. Проектная деятельность школьников: пос. для учителя. М.: Просвещение, 2008. - 192 с.

33. Зобов А. Метод изучения ситуаций (casestudy) в образовании: его история и применение. URL: <http://www.ippnou.ru/article.php?idarticle=002139>.

34. ГОСТ 12.2.032-78 «Система стандартов безопасности труда. Рабочее место при выполнении работ сидя. Общие эргономические требования». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30919333&show_di=1.

35. ГОСТ 12.2.033-78 «Система стандартов безопасности труда. Рабочее место при выполнении работ стоя. Общие эргономические требования». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30919352.

36. ГОСТ 22269-76* «Система «человек-машина». Рабочее место оператора. Взаимное расположение элементов рабочего места. Общие эргономические требования». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30930931.

37. ГОСТ Р 50948-2001 «Средства отображения информации индивидуального пользования. Общие эргономические требования и требования безопасности». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30796853.

38. СТ РК ИСО 16121-1-2008 «Транспорт дорожный. Эргономические требования к рабочему месту водителя в рейсовых автобусах. Часть 1. Общее описание, основные требования». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35198456.

39. Трудовой кодекс Республики Казахстан. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414>.

40. Санитарные правила и нормы СанПиН 2.2.1/2.1.1.004-03 «Гигиенические требования к естественному, искусственному и совмещенному освещению жилых и общественных зданий». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30305276.

41. МСН 2.04-05-95 (СНиП 23-05-95) «Естественное и искусственное освещение». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30001673.

42. ГОСТ Р50948-2001 «Средства отображения информации индивидуального пользования. Общие эргономические требования и требования безопасности». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30796853.

43. ГОСТ 12.1.003-83 (СТ СЭВ 1930-79) «Система стандартов безопасности труда Шум. Общие требования безопасности». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1033876.

44. Санитарные нормы СН 2.2.4/2.1.8.562-96 «Шум на рабочих местах, в помещениях жилых, общественных зданий и на территории жилой застройки». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30513945.

45. CORD. (2024). The REACT Strategy. <https://www.cord.org/resources/>.

46. Новые педагогические практики: конструирование и применение ситуационных задач: учебно-методическое пособие / сост.: Слобожанинов Ю.В. - Киров, 2012. - 72с.

47. W.T.Wulandari. Contextual Learning Approach: Development of Worksheet in Physics Subjects // Sch. Jo. Phs.

Ed, Vol. 4, No. 2, June 2023: 53 - 58. <http://cahaya-ic.com/index.php/SJPE>.

48. Триммер, У., Хоуз, П. В., Блессингер, П., Карфора, Дж. Обучение на основе запросов для программ в области науки, технологий, инженерии и математики (STEM): концептуальный и практический ресурс для преподавателей. - Великобритания: Emerald. - 2015.

49. Binnie, A. (2004). Development of a senior physics syllabus in New South Wales. *Physics Education*, 39(6), 490-495.

50. Rivet, A.E., and Krajcik, J.S. (2008). Contextualizing instruction: Leveraging students' prior knowledge and experiences to foster understanding of middle school science. *Journal of Research in Science Teaching*, 45(1), 79 -100.

51. Kukliansky I., Rozenes Sh. The Contextual Learning Approach in Engineering Education// Conference paper. – 2017. – p. 206-207. doi: 10.4995/HEAD15.2015.280.

52. Коркоценко М.Н. Контекстное обучение: сложности и противоречия образования XXI века // Гуманитарный научный вестник. 2020. №12/ - с. 63 – 71. <https://doi.org/10.5281/zenodo.4432851>.

53. Rivet, A.E., and Krajcik, J.S. (2008). Contextualizing instruction: Leveraging students' prior knowledge and experiences to foster understanding of middle school science. *Journal of Research in Science Teaching*, 45(1), 79 -100.

54. https://center-prof38.ru/sites/default/files/one_click/10_modulzadaniyamet.rek_5.pdf.

55. Лебедева Т.Н. Инженерное мышление: определение и состав его компонентов // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. 2015. №4-3. С. 66-68.

56. Eva Cifrian, Ana Andrés, Berta Galán, Javier R. Viguri. Integration of different assessment approaches: application to a project-based learning engineering course// *Education for Chemical Engineers*, 31 (2020) p. 62–75. <https://doi.org/10.1016/j.ece.2020.04.006>.

57. Махмутов М.И. Проблемное обучение: Основные вопросы теории. - М.: Педагогика, 1975. – 364 с.

58. Хуторской А.В. Современная дидактика. - СПб.: Питер, 2001. – С. 117.

59. Marhadi, H., Sapriya, S., Hakam, K. A. & Budimansyah, D. (2023). The role of the project-based learning approach in optimizing student involvement in the learning process. *Cypriot Journal of Educational Sciences*. 18(3), 544-555.
<https://doi.org/10.18844/cjes.v18i3.8760>.

60. L.Jia, N.A.Jalaludin, M.S.Rasul. Design Thinking and Project-Based Learning (DT-PBL): A Review of the Literature // *International Journal of Learning, Teaching and Educational Research*. Vol. 22, No. 8, pp. 376-390, August 2023.
<https://doi.org/10.26803/ijlter.22.8.20>.

61. Герелес, Л. М. Проблемное обучение в вузе// Молодой ученый. - 2011. - № 4 (27). - Т. 2. - С. 78-80.

62. Mazur, B., Walczyna, A. Sustainable Development Competences of Engineering Students in Light of the Industry 5.0 Concept. *Sustainability* 2022, 14, 7233, p.1-17.
<https://doi.org/10.3390/su14127233>.

63. Sydorenko, V. V., Dzhus, O. ., Kozenko, R. V. ., Ivanenko, O. A. ., & Zavadska, T. M. . (2022). Developing Teachers' Soft Skills within the New Educational Paradigm: Competences, Values, Indicators, Results. *Acta Paedagogica Vilnensia*, 49, 23-42.
<https://doi.org/10.15388/ActPaed.2022.49.2>.

64. Любогор О.В. Праксеологический подход к анализу результативности педагогической деятельности.
<http://www.emissia.org/offline/2010/1436.htm>.

65. Коршунова О. В., Ракипова М. Ш. Оценивание образовательных достижений студентов вузов в контексте праксеологического подхода // *Перспективы науки и образования*. 2020. № 1 (43). С. 24-38. doi: 10.32744/pse.2020.1.2.

66. Дудина И.М. Основы проектной деятельности: учебно-методическое пособие: Ярославль: ЯрГУ, 2019 – 132 с.

67. Зуев П.В. и Кощеева Е.С. Формирование инженерного мышления в процессе обучения // *Педагогическое образование в России*. 2016. №6. С. 44-49.

68. Методические рекомендации по разработке и оформлению квалификационных программ и оценочных

материалов в рамках контракта № KZSJ-1.3/CS-01-QCBS «Консультационные услуги по пилотному внедрению центров тестирования навыков, профессиональной сертификации и разработке инструментов оценки для признания неформального и информального обучения» / 2a7a55965180cdca8f06bc74c2c08fb4.pdf.

69. Хацринова О. Ю. Методика оценки технологической компетентности будущих инженеров //Вестник Казанского технологического университета. 2010. №8. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/metodika-otsenki-tehnologicheskoy-kompetentnosti-buduschih-inzhenerov> (дата обращения: 23.02.2024).

Қосымша 1.

Кәсіптік пәндер оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарын өткізу, оқу курстарын құру және студенттерді оқыту үшін пайдаланылатын Интернет-ресурстар, оқыту және бағалау сервистері

№	Платформаның, Интернет-ресурстың атауы, сілтеме	Платформаның/Интернет-ресурстың функционалды мүмкіндіктері	Платформада/Интернет-ресурста шешілетін мәселелердің мысалдары
	1	2	3
1	DD Planet (Digital Development Planet) www.ddplanet.ru	Оқытушының және/немесе білім алушының жеке кабинеті. Оқу контенті. Бақылау және аттестаттау. Интерактивті өзара әрекеттесу. Жоспарлау және ескерту. Статистиканы жинау. Жүйені басқару.	Қашықтықтан оқытуды және білім алушылардың білімін бақылауды ұйымдастыру. Біліктілікті арттыру және оқыту процесін автоматтандыру. Оқыту курсының ұйымдастыру.
2	Eduardo, www.eduardo.studio	Бейнематериалдарды, мәтіндерді, құжаттарды пайдалана отырып, оқу тапсырмаларын әзірлеу және оқу курстарын жобалау.	Оқу курсының жобалау және әзірлеу бойынша ұжымдық жұмысты ұйымдастыру. Оқытуды бейне материалдарды, мәтіндерді, құжаттарды пайдалана отырып ұйымдастыру.
3	Google Classroom, https://classroom .	Оқу процесін жоспарлау. Оқу курстарын	Тапсырмаларды, сұрақтарды және оқу материалдарын

	<p>google.com/</p>	<p>құру. Оқу курстарын ұйымдастыру. Ақпарат алмасу. Білім алушылар мен оқытушылардың шектеусіз қарым-қатынасын ұйымдастыру. Курстың арнасында немесе күнтізбесінде немесе "істер тізімі" бетінде тапсырмаларды қарау. Google Drive қалгаларына материалды автоматты түрде қосу. Танымал сервистермен Интеграциялау мүмкіндігі. Google Drive, құжаттар, күнтізбе, пішіндер және Gmail-мен жұмыс істеу. Бірнеше курстармен жұмыс. Бірлескен оқыту. Тапсырмаларға YouTube бейнелерін, Google пішіндерін, PDF файлдарын және дискідегі басқа нысандарды қосу. Жасалатын</p>	<p>орналастыру. Тапсырмаларды таратуды және білім алушылармен бір сервисте қарым-қатынас жасауды ұйымдастыру. Материалдармен алмасуды, курс арнасына түсініктемелер қосуды, электрондық пошта арқылы сөйлесуді ұйымдастыру. Тапсырылған жұмыстар туралы ақпаратты алу және талдау. Басқа курстардағы жарнамаларды, тапсырмаларды және сұрақтарды пайдалану. Жазбаларды бірден бірнеше курсқа жіберу және курстарды мұрағатқа қосу. "Google class" мобильді қосымшасына ескертулер қосып, мәтінді бөлектеу, құжаттар мен PDF файлдарында сызбалар жасау.</p>
--	--------------------	---	---

		<p>тапсырмалар үшін бағалар санатын, тапсыру мерзімдерін, орындалған тапсырмалар үшін берілетін балдарды тағайындау.</p> <p>Курстың жекелеген білім алушылары үшін жеке тапсырмалар өткізу және хабарландырулар орналастыру.</p> <p>Хабарландыруларды, тапсырмаларды және сұрақтарды жариялау уақытын реттеу.</p> <p>Кіру коды арқылы курстарға қосылу.</p> <p>Жылдам сауалнамалар.</p> <p>Тапсырма файлдарын қосу және әр білім алушыға оның көшірмесін жасау.</p>	
18	Altium Designer, https://www.altium.com/altium-designer	Бірыңғай дизайн ортасы және Деректер моделі: схемаларды құрудан бастап соңғы дизайн құжаттамасына және өндірістік файлдарға дейін. Біріктірілген талдау, SPICE модельдеу. 3D-MID дизайны: Altium Designer-де баспа платасы жобасының бөлігі ретінде қол жетімді ең жаңа өндіріс технологиялары арқылы жобалау.	Электр желілерінің шуылға төзімділігін артыру үшін сүзгілердің LC тізбектерін модельдеу. Схемаларды, дизайн құжаттамасын және өндірістік файлдарды құруды қамтитын берілген тақырып бойынша электрондық жоба жасау.
19	LabHub, https://labhub.eu.org/	Желілік эмуляторлары бар зертханалық жұмыстардың онлайн жинағы. Netlab, GNS3, EVENT	Әр түрлі құрылғылардың түрлі операциялық жүйелерімен (Cisco маршрутизаторлары , Windows және

		және т. б. сияқты әртүрлі желілік эмуляторлармен пайдалануға арналған диск кескіндерінің жинағы.	Linux серверлері және жұмыс үстелдері және т.б.) жұмыс істеуге арналған қол жетімді эмуляторлар базасын қолдану.
20	EVE-NG, https://www.eve-ng.net/	Виртуалды орта-байланыс желілері, деректер қауіпсіздігі және DevOps саласындағы эмулятор. Көп қолданушы желілік эмуляцияға арналған клиентсіз бағдарламалық жасақтама.	Тұжырымдамаларды, шешімдерді және оқу орталарын жасау және виртуалды тексеру жүргізу.
21	Эффекты 300, http://www.method.ru/production/effects/	Ашық мәліметтер базасы. Мәліметтер базасының кез келген бөлімін кеңейтуге мүмкіндік беретін арнайы редакторлар. Өзіңіздің білім базаңызды құруға арналған құралдар. Деректерді іздеу. Есепті қалыптастыру. Анықтамалық ақпарат.	Құрылғылар мен технологиялардың есептік модельдерін жасау. Жаңа құрылғылар мен технологиялар тұжырымдамасын әзірлеу. Техникалық құрылғылардың істен шығуы мен бұзылуының себептерін анықтау. Белгілі бір табиғи және технологиялық процестердің салдарын анықтау.
22	АС (Анализ Ситуаций), http://www.method.ru/production/as/ ,	12 әртүрлі типтегі жағдайларды талдау әдістемесі. Әр түрлі әдістерді	Бақыланатын құбылыстың себеп-салдарлық моделін құру.

	<p>http://www.method.ru/netcat_files/userfiles/effects/DemoAC.exe</p>	<p>практикалық қолдану мысалдары. 35 техникалық проблемалық жағдайды талдау нәтижелері. Аналитикалық есепті қалыптастыру. Жобаларды басқару. Анықтамалық ақпарат.</p>	<p>Қойылған (бастапқы) мақсатқа қатысты мақсатты модель құру. Жүйенің параметрлік моделін құру. Бастапқы мақсатқа жету жолдарын немесе проблемалық жағдайды шешу жолдарын табу.</p>
23	<p>Новатор, http://www.method.ru/production/novator/, http://www.method.ru/netcat_files/userfiles/effects/Novator_r.Zip</p>	<p>Үлкен білім базасы. Инновациялық шешімдерді іздеу жүйесі. Болашақ өнім немесе технология тұжырымдамасының нұсқалары бар тұжырымдамалық жобаны әзірлеу. Техникалық жағдайларды талдау және ғылыми-техникалық ақпаратты іздеу. Аналитикалық және зерттеу есебін рәсімдеу. 1000-нан астам техникалық тұжырымдамалар, 300 техникалық маңызды эффекттер, инженерлік анықтамалық және терминдер сөздігі. Деректер базасын кеңейтуге арналған 5</p>	<p>Өнімнің сапасын арттыру, өндіріс шығындарын азайту, белгілі бір техника саласының даму тенденцияларын анықтау, берілген техника саласында патенттік басымдық алу міндеттерін шешу үшін тұжырымдамалық жоба мен есептер әзірлеу. Құрылғылар мен технологиялардың есептік модельдерін жасау.</p>

		арнайы редактор. Жеке техникалық білім базасын құру бағдарламалары. Кез келген колданыстағы автоматтандырылған жобалау жүйесіне (АЖЖ) интеграциялануы.	
--	--	---	--

Buketov University

Сыртқы білім беру платформаларында және оқыту сервистерінде орындауға арналған кейстік тапсырмалардың мысалдары

1-мысал. <https://edunano.ru/> платформасында нанокұрылымды анодты оксидті қабықша жасау

1. Мәселенің жалпыланған тұжырымы: нанокұрылымды анодты оксидті қабықша жасау.

2. Негізгі міндет: нанокұрылымды анодты оксид қабықшасының қасиеттерін және оны синтездеу әдістерін зерттеу, қолайлы материалды таңдау.

3. Мәселені шешу контексті: Нанокұрылымды анодты оксидті қабықшаны алу процестері оларды аспаптар мен құрылғыларда нақты пайдалану міндеттеріне негізделген. Осыны ескере отырып, оларды алу технологиялары нанокұрылымды анодты оксидті пленканың қалыңдығы, оптикалық, электрлік және жылуфизикалық сипаттамалары, сыртқы ортаның әсеріне төзімділігі және т.б. сияқты параметрлеріне қойылатын талаптарға негізделеді. Нанокұрылымды анодты оксидті қабықшалар бірқатар маңызды физика-химиялық қасиеттерге ие.

4. Шешімге әкелетін міндеттер («өнім»): платформада «Нанокұрылымды анодты оксидті қабықшалар мен жабындар» курсымен танысу.

5. Мәселені шешуге көмектесетін теориялық білім: Құрылым деңгейлері, кванттық-өлшемді эффект, материалдардың атомдық, мезоскопиялық және микроскопиялық құрылымы, наноматериалдардың классификациясы, нанокұрылымды қабықшалар мен жабындарды алу мен зерттеудің негізгі әдістері, металдар мен қорытпалардағы өздігінен ұйымдастырылған нано-кеуекті және нанотүтікшелі анод-оксидті қабықшалар мен жабындардың қалыптасу ерекшеліктері, құрылымы мен қасиеттері, өздігінен ұйымдастырылған кеуекті анодты алюминий оксиді мен нанотүтікшелі анодты титан оксидінің түзілу механизмі, жазық

және түтікшелі алюмооксидті нано-кеуекті мембраналарды алу әдістері, құрылымы және қасиеттері, нанокұрылымдарды (нанобөлшектер, нанотүтікшелер, наноөткізгіштер) синтездеу үшін өздігінен ұйымдастырылған анодты-оксидті пленкаларды және олардың негізіндегі нано-кеуекті мембраналарды пайдалану, өздігінен ұйымдастырылған алюминий және титан анодты оксидтеріне негізделген магниттік, биоүйлесімді, бактерияға қарсы және каталитикалық нанокөпозиттік материалдарды алуға, құрылымына, қасиеттеріне және қолдану салаларына қатысты жалпы сұрақтар.

6. Мәселені шешудің үлгілік тәсілдері: берілген сипаттамалары бар бетте берілген қасиеттері бар наноқабықша жасау. Нанокұрылымды анодты оксидті қабықшаны жасау үшін өздігінен ұйымдастырылған нано-кеуекті және нанотүтікшелі металл оксидтерін (Al, Ti, Zr, Nb, Ta) және вентильді топ қорытпаларын электрохимиялық анодтау әдісі қолданылады.

7. Стандартты емес жағдайды шешуге ықпал ететін кейсті шешудің әр кезеңіндегі мүмкін болатын әрекеттер: «Нанокұрылымды анодты қабықшалар және оксидті жабындар» курсына көрсетілген нанокұрылымды анодты оксидті қабықша жасау алгоритмін пайдаланыңыз.

8. Тапсырманы орындау кезінде туындауы мүмкін мәселелер: студенттерде қашықтықтан оқыту жүйесімен жұмыс жасаудың тәжірибелік дағдылары жеткіліксіз, ақпараттық сұрауларды құрастыру және қажетті ақпаратты іздеу тәжірибесінің болмауы.

9. Кейс мәселесін шешудің соңғы нұсқасы: жасалған нанокұрылымды анодты оксидті қабықша.

2-мысал. <https://edunano.ru/> платформасында дәрі-дәрмекті аз мөлшерде жеткізу тәсілін құру

1. Мәселенің жалпыланған тұжырымы: дәрі-дәрмекті аз мөлшерде жеткізу әдісін жасау.

2. Негізгі міндет: нанокоспаларды қолдану арқылы жақсартылған қасиеттері бар композиттерді алу мен қолданудың композициялық материалдары мен әдістерін зерттеу, биоинженерияда, фармацевтика мен биотехнологияда

қолдануға арналған нанокомпозиттер, олардың негізгі қасиеттері, сипаттау әдістері мен қолдану технологиялары туралы білім алу.

3. Мәселені шешу контексті: нанобөлшектер мен нанокомпозициялық полимер материалдары заманауи медицина, фармацевтика және биотехнологияның болашағы бар перспективті материалдар болып табылады. Дәрілік заттарды бағытталған тасымалдау әдісі жеткізілетін заттардың белгілі бір жерде шоғырлануын арттыруға және олардың сау органдар мен тіндерде жиналуын блоктауға немесе қатты шектеуге мүмкіндік береді. Бағытталған көлік дәрі-дәрмектің ұзақтығы мен тиімділігін арттыруға, жанама әсерлерді азайтуға мүмкіндік береді.

4. Шешімге әкелетін міндеттер («өнім»): платформада «Биотехнология мен биоинженериядағы наноматериалдар» курсымен танысу, дәрі-дәрмекті аз мөлшерде жеткізу тәсілін әзірлеуді сүйемелдеудің зертханалық-аналитикалық әдістерімен танысу.

5. Мәселені шешуге көмектесетін теориялық білім: биотехнология және биоинженерия салаларында қолданылатын полимерлі материалдарды жасауда қолданылатын нанобөлшектердің түрлері, қасиеттері мен сипаттамалары, наномодификаторлар мен полимер матрицасына негізделген композициялық материалдарды құрудың іргелі негіздері, нанокомпозициялық полимерлі материалдардың қалыптасуының іргелі заңдары, асыл және ауыр металдардың нанобөлшектері және оларды медицинада қолдану, биосинтездің жасыл технологиялары, асыл және ауыр металдардың нанобөлшектері және оларды медицинада және онкотерапияда қолдану.

6. Мәселені шешудің үлгілік тәсілдері: көміртекті наноқұрылымдарды нанотранспортер ретінде қолдану. Көміртекті наноқұрылым ретінде бір қабырғалы және көп қабырғалы көміртекті нанотүтікшелерді пайдалану қажет. Олардың беті әдетте пайдалы қасиеттер беру үшін өзгертіледі, содан кейін цитостатиктермен біріктіріледі.

7. Стандартты емес жағдайды шешуге ықпал ететін

кейсті шешудің әр кезеңіндегі мүмкін болатын әрекеттер: нанокұрылымды композициялық материалдар жасау, нанокұрылымды композициялық материалдарды жасаудың ғылыми-техникалық әзірлемесін және әдістемелік сүйемелдеуін жасау, нанокұрылымды композициялық материалдарды әзірлеу әдісін таңдау, нанобөлшектердің құрамы мен түрінің препаратты аз мөлшерде жеткізу үшін қолданылатын полимерлі материалдардың өнімділігі мен сипаттамаларына әсерін бағалау.

8. Тапсырманы орындау кезінде туындауы мүмкін мәселелер: микро- және нано- масштабтың материалдардың қасиеттеріне әсері, материалдардың қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі, электромагниттік сәулелену және бөлшектер ағындары туралы заманауи идеяларды практикада қолдану бойынша студенттердің білімі мен тәжірибесінің болмауы; заманауи теориялық және эксперименттік материалтану мәселелері және берілген қасиеттері бар материалдарды жобалау принциптері, нанокұрылымды композициялық материалдардың құрылымы мен қасиеттерін әртүрлі зерттеу әдістерімен бағалау туралы білімнің болмауы; студенттерде қашықтықтан оқыту жүйесімен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдылары жеткіліксіз, ақпараттық сұрауларды құрастыру және қажетті ақпаратты іздеу тәжірибесінің болмауы.

9. Кейс мәселесін шешудің соңғы нұсқасы: дәрі-дәрмекті нанотүтікшелер арқылы жеткізу әдісін әзірлеу.

3-мысал. <https://www.mat3ra.com> / платформасында Al негізіндегі аса берік қорытпаны әзірлеу

1. Мәселенің жалпыланған тұжырымы: Al негізіндегі аса берік қорытпаны жасау.

2. Негізгі міндет: әр түрлі Al қорытпаларын модельдеу және олардың физика-химиялық қасиеттерін тексеру.

3. Мәселені шешу контексті: Al негізіндегі аса берік қорытпалар жоғары беріктік пен коррозиялық қасиеттерге ие, орташа жоғары температурада деформацияға төзімділігі жоғары, газ центрифугаларында, күштік аэроғарыштық құрылымдарда және т. б. сәтті қолданылады. Алайда, көміртекті

пластиктерді, басқа жеңіл және берік металл емес композиттерді игеру саласындағы қарқынды жұмыстар алюминий қорытпаларының басым жағдайына қиындық туғызды және қорытпаларды әзірлеу, бөлшектер мен конструкцияларды өндіру тиімділігі саласында жаңа шешімдерді іздеу қажеттілігіне әкелді.

4. Шешімге әкелетін міндеттер («өнім»): металдардың әртүрлі құрылымдары мен қорытпаларын құрастыру, олардың сипаттамаларына талдау жасау. Платформада бірқатар эксперименттер жасау.

5. Мәселені шешуге көмектесетін теориялық білім: алюминий мен оның қорытпаларының қысқаша сипаттамасы, алюминий қорытпаларының жіктелуі, алюминий қорытпаларын өңдеу әдістері, алюминий қорытпаларының негізгі топтары және олардың қасиеттері, алюминий қорытпаларының басқа элементтермен қорытпалары, алюминий қорытпаларының қолдану аясы.

6. Мәселені шешудің үлгілік тәсілдері: Al негізіндегі аса берік қорытпаны жасау үшін әртүрлі қоспалар қолданылады, мысалы, марганец, мырыш, мыс, кобальт және т. б. Сондай-ақ, ДЮРАЛЬ (мыс (массаның 4,5%), магнийді (1,5 %) және марганецті (0,5%), қалғанын алюминийді (93,5%) қолдануға болады.

7. Стандартты емес жағдайды шешуге ықпал ететін кейсті шешудің әр кезеңіндегі мүмкін болатын әрекеттер: әдетте әртүрлі қоспалары мен пайыздық мөлшері бар бірнеше үлгілер жасалады, содан кейін әртүрлі сынақтар біріктіріліп, орындалады (жылу өткізгіштік, электр өткізгіштік, тығыздық, балқу температурасы, икемділік өлшенеді). Платформа құралдары талдау үшін 100-ден астам үлгі жасауға, бірнеше модельдеу қозғалтқыштарын қолдануға мүмкіндік береді: Quantum ESPRESSO, VASP, LAMMPS, GROMACS + және т.б. Модельдеу барысында балқыту кезіндегі металдың күйіп қалу процесін болдырмауға болады.

8. Тапсырманы орындау кезінде туындауы мүмкін мәселелер: модуляцияларды сақтау және өңдеу.

9. Кейс мәселесін шешудің соңғы нұсқасы: түрлі

қозғалтқыштардағы бірнеше модуляциялар, қоспалардың әр түрлі пайызы бар қорытпалар.

4-мысал. <https://www.mat3ra.com> платформасында икемді дисплей үшін қорғаныс қабатын жасау

1. Мәселенің жалпыланған тұжырымы: иілуге және үзілмеуге қабілетті, тозуға төзімділігі жоғары материал жасау.

2. Негізгі міндет: сыртқы факторлардан икемді экранды қорғауға арналған жұқа қабықша ретінде пайдалануға болатын материал жасау. Бірақта жасалатын материал экранның жұмысына кедергі келтірмеуі қажет, яғни мөлдір, кескіндерді бұрмаламайтын және тактильді жағымды болатындай.

3. Мәселені шешу контексті: құрылымдық жағынан икемді дисплейлер - бұл әр түрлі формадағы жұмсақ модульдер, суреті дәл және жарықтығы жоғары ең ерекше контент түрінде көрсете алады. Модульдердің икемділігі экрандарды ғимараттар мен үй-жайлардың кез келген жерінде орнатуға мүмкіндік береді. Қорғаныс жабындары әртүрлі беріктік шегі әртүрлі материалдардан жасалуы мүмкін.

4. Шешімге әкелетін міндеттер («өнім»): қажетті параметрлермен шағын қалыңдықтағы материал парағын модельдеу. Мысалы, әйнектің белгілі бір түрін қолдануға болады, әйнек икемді болуы мүмкін (оптоталшық).

5. Мәселені шешуге көмектесетін теориялық білім: икемді материалдардың түрлері мен қасиеттері, икемді материалдардың сыртқы әсерге төзімділігі, жарықтың сынуы және дисперсиясы.

6. Мәселені шешудің үлгілік тәсілдері: дәстүрлі иілгіш материалдарды қолдану (пластик). Жұқа, икемді парақтың әрекетін компьютерлік модуляция болжауға мүмкіндік береді.

7. Стандартты емес жағдайды шешуге ықпал ететін кейсті шешудің әр кезеңіндегі мүмкін болатын әрекеттер: тікбұрышты пішінді жұқа парақтың модуляциясын жасау және оның кейбір сипаттамаларын орнату, содан кейін белгілі материалдарды қайта таңдау. Егер нәтиже берілген сипаттамаларға сәйкес келмесе, онда әр қабат өзінің жеке функциясын орындайтындай етіп бірнеше материалдардан одан

да жұқа қабаттар жасау керек. Бұлты режимде есептеулер жүргізу.

8. Тапсырманы орындау кезінде туындауы мүмкін мәселелер: белгілі материалдар қажетті қасиеттер мен сипаттамаларға сәйкес келмеуі мүмкін, модельденген материалды нақты өндірісте жасау қиын болуы да мүмкін.

9. Кейс мәселесін шешудің соңғы нұсқасы: икемді дисплей үшін жасалған қорғаныс жабыны.

5-мысал. Динамикалық жарық шашырауы (DLS) арқылы дисперсті нанобөлшектердің сипаттамаларын <https://www.chromacademy.com/> платформасында зерттеу

1. Мәселенің жалпыланған тұжырымы: динамикалық жарық шашырауы (DLS) арқылы дисперсті нанобөлшектердің сипаттамаларын зерттеу.

2. Негізгі міндет: динамикалық жарық шашырауы (DLS) арқылы дисперсті нанобөлшектердің өлшемдері мен тұрақтылығының таралуын талдау және деректерді жинау және талдау үшін компьютерлік технологияларды қолдану.

3. Мәселені шешу контексті: сұйықтықта дисперсті бөлшектер немесе макромолекулалар бөлшектер концентрациясының жергілікті ауытқуларына және сыну көрсеткішінің сәйкес жергілікті ауытқуларына әкелетін броундық қозғалысты жасайды. Бұл шашыраңқы жарықтың қарқындылығы бөлшектердің концентрациясының ауытқуының релаксация уақытына тең релаксация уақытымен де флуктуациясына әкеледі. Броундық қозғалысты сипаттау үшін әдеттегі макроскопиялық диффузия теңдеуі қолданылады.

4. Шешімге әкелетін міндеттер («өнім»): нанобөлшектердің коллоидтық дисперсиядағы өлшемдері бойынша таралуын анықтау, дисперсті нанобөлшектердің уақыт бойынша тұрақтылығын бағалау, деректерді жинау және өңдеу үшін компьютерлік технологияларды қолдану, дисперсті нанобөлшектердің сапасын түсіну үшін алынған нәтижелерді интерпретациялау.

5. Мәселені шешуге көмектесетін теориялық білім: Онзагер гипотезасы, диффузия коэффициенті, шашыраңқы

жарық тербелістерінің релаксация уақыты, шашыраңқы жарықтың уақыттық корреляциялық функциясы, Эйнштейн-Стокс формуласы, жарықтың динамикалық шашырау әдісінің (DLS) негізгі принциптері, өлшеу процедурасы және үлгі талаптары, әртүрлі нано және субмикрондық нысандарды өлшеу үшін DLS әдісін қолдану ерекшеліктері.

6. Мәселені шешудің үлгілік тәсілдері: талдау жүргізу үшін дисперсті нанобөлшектердің үлгісін дайындау, DLS құралына үлгі кюветін орнату, өлшеу жүргізу үшін DLS құралын орнату, компьютердің DLS құралына қосылғанына және онда деректер жинау бағдарламалық құралының іске қосылғанына көз жеткізу, деректерді жинау үшін DLS өлшемдерін іске қосу.

7. Стандартты емес жағдайды шешуге ықпал ететін кейсті шешудің әр кезеңіндегі мүмкін болатын әрекеттер: DLS құралы дисперсті нанобөлшектердің өлшемдері бойынша таралуын анықтау үшін пайдалануға болатын автокорреляциялық функция түрінде нәтиже береді. Нәтижелер әдетте мыналарды қамтиды: қарқынды өлшенген үлестіру (мысалы, бөлшектер өлшемдерінің гистограммасы), үлгінің полидисперсиясы туралы ақпарат, уақыт бойынша дисперсті бөлшектердің тұрақтылығын бағалау үшін нақты уақыттағы өлшемдер. Деректерді өңдеу кезінде DLS деректерін компьютерде одан әрі талдау үшін файлға сақтау қажет. Деректерді талдау кезінде автокорреляция деректерін өңдеу және бөлшектердің мөлшері туралы ақпаратты алу үшін арнайы бағдарламалық жасақтаманы немесе бағдарламалауды (мысалы, Python немесе MATLAB) пайдалану қажет. Бөлшектердің өлшемдері бойынша таралуын және уақыт өте келе дисперсті бөлшектердің тұрақтылығының өзгеруін визуализациялау үшін графиктер немесе диаграммалар жасаңыз. Нанобөлшектердің дисперсиясының сапасы, оның тұрақтылығы және өлшемдердің таралуындағы кез келген өзгерістер туралы қорытынды жасау үшін деректерді талдаңыз. Нәтижелерді кестелер, графиктер және нәтижелерді түсіндіруді қамтуы мүмкін есепте қорытындылаңыз.

8. Тапсырманы орындау кезінде туындауы мүмкін мәселелер: студенттердің мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы немесе бағдарламалауды қолданудағы білімінің жетіспеушілігі.

9. Кейс мәселесін шешудің соңғы нұсқасы: дисперсті нанобөлшектердің сапасы мен тұрақтылығын бағалау үшін эксперименттік әдістер мен компьютерлік технологияларды біріктіретін зертханалық жұмыстың нәтижелері. Зертханалық жұмыстың нәтижелерін нанотехнология және материалтану бойынша әртүрлі қосымшаларда қолдануға болады.

6-мысал. Simmakers, <https://simmakers.ru/>
платформасында жыл мезгіліне, климаттық жағдайларға және адамның әсеріне байланысты көлдің немесе өзеннің мұз қабатындағы температура мен жылу кернеуін анықтау

1. Мәселенің жалпыланған тұжырымы: болашақта адамның іс-әрекетіне байланысты парниктік газдар шығарындылары әлі де арта берсе, жердің мұз қабаты айтарлықтай өзгереді деп күтілуде. Париждегі климаттың өзгеруі туралы келісімде қарастырылғандай, әлемдік қауымдастық температураның 1,5 – 2°C-тан жоғары көтерілуіне жол бермесе де, мұз жамылғысының жағдайы айтарлықтай өзгереді.

2. Негізгі міндет: жыл мезгіліне, климаттық жағдайларға және адамның әсеріне байланысты көлдің немесе өзеннің мұз қабатындағы температура мен жылу кернеуін анықтау.

3. Мәселені шешу контексті: бұл мәселе қауіпсіздік пен экология үшін практикалық маңызға ие, өйткені мұздағы температура мен жылу кернеуі оның беріктігіне, жарықшақтануына, еруіне және мұз конгломераттарының пайда болуына байланысты. Мәселені шешу гидрологтар, метеорологтар, инженерлер, экологтар және басқа мамандар үшін қызықты болуы мүмкін.

4. Шешімге әкелетін міндеттер («өнім»): 1) мұз қабатының қалыңдығын, пішіні мен өлшемдерін ескере отырып, оның геометриялық моделін жасау; 2) мұздың тығыздығы, меншікті жылу сыйымдылығы, жылу өткізгіштік және жылулық

ұлғаю коэффициенті сияқты материалдық қасиеттерін орнату; 3) ауа температурасы, желдің жылдамдығы, күн радиациясы, жауын-шашын және т. б. сияқты мұз бетіндегі шекаралық жағдайларды орнату; 4) бастапқы температура мен кернеулік сияқты мұз көлемінің бастапқы шарттарын орнату; 5) деформацияланатын қатты дененің жылу беру теңдеулері мен механикасын шешудің сандық әдісін таңдау (мысалы, ақырлы элементтер немесе ақырлы айырмашылықтар әдісі); 6) есептеуді берілген уақыт аралығында берілген уақыт қадамымен іске қосу; 7) Алынған нәтижелерді Simmakers платформасының графикалық интерфейсі көмегімен талдау, мысалы, температура мен кернеу өрістерін визуализациялау, графиктер, кестелер мен диаграммалар құру.

5. Мәселені шешуге көмектесетін теориялық білім: мұз қабатының негізгі сипаттамалары (қалыңдығы, пішіні, мөлшері) және оның қасиеттері (тығыздық, меншікті жылу сыйымдылығы, жылу өткізгіштік, жылулық ұлғаю коэффициенті), деформацияланатын қатты дененің жылу беру теңдеулері мен механикасы және оларды шешудің сандық әдістері (ақырлы элементтер немесе ақырлы айырмашылықтар әдісі және т. б.).

6. Мәселені шешудің үлгілік тәсілдері: қашықтықтан зондау және жер бетіндегі мұздықтар мен қар жамылғысының тұрақты мониторингі, берілген физикалық қасиеттері бар мұз жамылғысының өзгеруін компьютерлік модельдеу.

7. Стандартты емес жағдайды шешуге ықпал ететін кейсті шешудің әр кезеңіндегі мүмкін болатын әрекеттер: 1) Simmakers платформасының кіріктірілген құралдарымен немесе оларды әдебиеттерден, эксперименттерден алынған белгілі деректермен салыстыру арқылы енгізілген деректердің дұрыстығын тексеру; 2) температураның немесе кернеудің үлкен градиенттері бар жерлерде есептеу дәлдігін арттыру үшін адаптивті торды пайдалану; 3) мұздың қызып кетуіне немесе бұзылуына жол бермеу үшін есептеуді тоқтатудың әртүрлі критерийлерін қолдану; 4) шешімнің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін уақыт бойынша интеграциялаудың әртүрлі схемаларын пайдалану; 5) интерактивті графиктер, анимациялар, деректерді

экспорттау және т. б. сияқты нәтижелерді талдауға ыңғайлы болу үшін пайдаланушымен өзара әрекеттесудің әртүрлі тәсілдерін пайдалану.

8. Тапсырманы орындау кезінде туындауы мүмкін мәселелер: модель параметрлерін таңдау, есептеу дәлдігі, шешімнің тұрақтылығы және т. б.

9. Кейс мәселесін шешудің соңғы нұсқасы: мұз қабатының геометриялық моделі, мұздың материалдық қасиеттері, шекаралық және бастапқы шарттары, есептеу параметрлері және есептеу нәтижелері бар файлдар жиынтығы. Бұл файлдарды Simmakers платформасы арқылы ашуға және оның графикалық интерфейстер көмегімен талдауға болады.

7-мысал. Creately.com, <https://creately.com/ru/home/> платформасын пайдаланып диаграммалар, схемалар, презентациялар және басқа көрнекі материалдар жасау

1. Мәселенің жалпыланған тұжырымы: мәселені шешу нәтижелерін көрсететін деректерді визуализациялау.

2. Негізгі міндет: диаграммаларды, схемаларды, презентацияларды немесе мәселенің мәнін және оны шешуді көрсететін кез келген басқа визуалды материалды жасау.

3. Мәселені шешу контексті: көрнекі материалдардың стилі, форматы және мазмұны негізгі пайдаланушылардың қажеттіліктеріне байланысты. Контекстке байланысты визуалды материалдар оқуға, презентацияға, талдауға, жоспарлауға немесе басқа мақсаттарға арналған болуы мүмкін.

4. Шешімге әкелетін міндеттер («өнім»): 1) өнім түрін таңдау (диаграмма, схема, презентация және т. б.); 2) үлгіні таңдау немесе бос парақтан бастау; 3) элементтерді қосу (пішіндер, мәтін, суреттер және т. б.); 4) элементтерді өңдеу (түс, өлшем, пішін және т. б.); 5) элементтерді (сызықтар, көрсеткілер, байланыстар және т. б.) байланыстыру; 6) элементтерді ұйымдастыру (туралау, топтау, қабаты және т. б.); 7) түсініктемелер немесе аннотациялар қосу; 8) өнімді басқа пайдаланушылармен бөлісу немесе оны қажетті форматта экспорттау

5. Мәселені шешуге көмектесетін теориялық білім:

мәселенің пәндік саласы, оны шешудің логикасы мен құрылымы, ақпаратты жобалау және визуализациялау принциптері туралы білім.

6. Мәселені шешудің үлгілік тәсілдері: диаграммалардың немесе схемалардың белгілі бір түрлерін қолдану (мысалы, SWOT талдауы, Гант диаграммасы, ой картасы және т. б.); презентацияның белгілі бір стилін қолдану (мысалы, сторителлинг, Pecha Kucha, TED Talk және т. б.); көрнекі материалдың белгілі бір форматын қолдану (мысалы, PDF, PNG, SVG және т.б.). Үлгілік тәсілдер дұрыс шаблон таңдауға немесе Creately.com. платформасында нөлден бастауға көмектеседі.

7. Стандартты емес жағдайды шешуге ықпал ететін кейсті шешудің әр кезеңіндегі мүмкін болатын әрекеттер: 1) коллаборативтік (бірлескен) мүмкіндіктерді пайдалану (чат, видео, кері байланыс және т. б.); 2) ресурстар кітапханасын пайдалану (белгішелер, суреттер, кәріптер және т. б.); 3) интеллектуалды мүмкіндіктерді пайдалану (қолжазбаны автоматты түрде тану, элементтерді автоматты түрде туралау және тарату және т. б.); 4) Creately.com. платформасының кеңестерін пайдалану.

8. Тапсырманы орындау кезінде туындауы мүмкін мәселелер: Creately.com платформасының техникалық аспектілері (мысалы, браузерлердің үйлесімсіздігі, интернетке қосылу мәселелері, элементтердің мөлшері немесе саны бойынша шектеулер және т. б.), өнімнің маңызды аспектілерімен (мысалы, ақпараттың жетіспеуі немесе артық болуы, деректердің түсініксіздігі немесе қателігі, мақсаттың немесе аудиторияның сәйкес келмеуі және т. б.), немесе процестің ұйымдастырушылық аспектілерімен (мысалы, уақыттың жетіспеушілігі, кері байланыстың болмауы, командадағы қақтығыстар және т.б.).

9. Кейс мәселесін шешудің соңғы нұсқасы: жасалған визуалды өнімді мақсатқа, мазмұнға, стильге және форматқа сәйкестігін, сондай-ақ қателер мен мәселелердің жоқтығын тексеру, өнімді аудиторияға ұсынуға дайындау, тиісті арнаны немесе байланыс құралын таңдау (мысалы, электрондық пошта, әлеуметтік медиа, веб-сайт және т.б.), өнімге қысқаша кіріспе

немесе аннотация.

8-мысал. 3D модельдеу негіздерін оқыту, Tinkercad <https://www.tinkercad.com/> платформасында оқыту

1. Мәселенің жалпыланған тұжырымы: 3D модельдеу саласындағы жаңадан бастаушылар үш өлшемді объектілерді құрудың негізгі дағдыларын игеруде қиындықтарға тап болады.

2. Негізгі міндет: Tinkercad платформасын (Р8-сурет) қолдана отырып, 3D модельдеу негіздерін тиімді оқытуды қамтамасыз ету.

3. Мәселені шешу контексті: Tinkercad интуитивті интерфейс пен кең функционалдылықты ұсынады. Табысты оқу үшін құрылымдық және қадам бойынша нұсқаулық қажет.



Сурет П8. Tinkercad платформасында 3D-модельдеу

4. Шешімге әкелетін міндеттер («өнім»): Tinkercad платформасында жаңадан бастаушыларға арналған білім беру курстарын әзірлеу. 3D модельдерін құру процесін кезең-кезеңімен көрсететін оқу материалдарын, соның ішінде бейне сабақтар жасау. Алған білімді бекіту үшін интерактивті жаттығулар мен тапсырмаларды жүзеге асыру.

5. Мәселені шешуге көмектесетін теориялық білім: 3D модельдеу негіздері, Tinkercad модельдеу құралдарымен жұмыс

істеу принциптері, графикалық дизайнның негізгі түсініктері.

6. Мәселені шешудің үлгілік тәсілдері: дәйекті сабақтармен құрылымдық онлайн курстарды ұсыну, әртүрлі нысандарды құру процесін кезең-кезеңімен көрсететін бейне сабақтар жасау, пайдаланушыларға платформада тікелей жаттығуға мүмкіндік беретін тапсырмаларды әзірлеу.

7. Стандартты емес жағдайды шешуге ықпал ететін кейсті шешудің әр кезеңіндегі мүмкін болатын әрекеттер: жаңадан бастаушылар деңгейіне бейімделген білім беру материалдарын жасау, оқыту құрылымын әзірлеу: негізгі ұғымдардан басталып, күрделіге ауысатын сабақтар тізбегін құрастыру, оқытудың тиімділігін анықтау үшін мақсатты аудиторияда курстарға тестілеу жүргізу, пайдаланушылардың кері байланысын ескере отырып, мазмұнды үнемі жаңартып отыру, форумдар арқылы пайдаланушыларға қолдау көрсету немесе туындаған мәселелерді шешу үшін онлайн-кеңес беру.

8. Тапсырманы орындау кезінде туындауы мүмкін мәселелер: мотивацияның жеткіліксіздігі: жаңадан бастаушылар тапсырмалардың күрделілігіне байланысты қызығушылықтарын жоғалтуы мүмкін, кейбір терминдер мен ұғымдар жаңадан бастаушыларға түсініксіз болуы мүмкін.

9. Кейс мәселесін шешудің соңғы нұсқасы: Tinkercad платформасында бейне сабақтары мен интерактивті жаттығулары бар құрылымдық онлайн курс.

9-мысал. Tinkercad, <https://www.tinkercad.com/> көмегімен стартаптар үшін прототиптер жасау

1. Мәселенің жалпыланған тұжырымы: стартап жасаушылар өз өнімдерінің жылдам және тиімді прототиптерін жасауда қиындықтарға тап болады, әсіресе олардың ресурстары мен уақыты шектеулі болған кезде.

2. Негізгі міндет: стартап әзірлеушілеріне өз өнімдерінің тұжырымдамаларына негізделген сапалы прототиптерін жасау құралдарына қол жеткізуді қамтамасыз ету.

3. Мәселені шешу контексті: Tinkercad платформасы 3D модельдерін жасау үшін қарапайым және интуитивті интерфейсін ұсынады, бұл оны жылдам прототиптеу үшін

тамаша құрал етеді.

4. Шешімге әкелетін міндеттер («өнім»): Tinkercad платформасында прототиптеу процесін қамтитын стартаптарға арналған оқу материалдарын әзірлеу; жобалау процесін жеделдететін типтік элементтер үшін шаблондар жасау, Tinkercad мүмкіндіктерін көрсету мақсатында стартап жасаушыларға арналған вебинарлар мен онлайн-консультациялар өткізу.

5. Мәселені шешуге көмектесетін теориялық білім: өнімді жобалау негіздері, Tinkercad негізгі принциптері мен функциялары, құрылған прототипке нарықтық талаптар.

6. Мәселені шешудің үлгілік тәсілдері: прототиптер жасау үшін Tinkercad платформасын кезең-кезеңімен пайдалану туралы теориялық оқыту, вебинарлар мен кенестер өткізу, прототиптеу процесін жеделдету үшін дайын шаблондар мен ресурстарды ұсыну.

7. Стандартты емес жағдайды шешуге ықпал ететін кейсті шешудің әр кезеңіндегі мүмкін болатын әрекеттер: стартаптардың ерекшеліктерін және прототиптерге қойылатын талаптарды түсіну, бейне оқулықтар мен нұсқаулықтарды қоса алғанда, оқу ресурстарын құру, сәтті прототиптердің мысалдарын көрсету.

8. Тапсырманы орындау кезінде туындауы мүмкін мәселелер: жаңа құралды игерудегі қиындықтар, шектеулі ресурстар.

9. Кейс мәселесін шешудің соңғы нұсқасы: Стартапқа бағытталған білім беру ресурсы.


10-мысал. OpenFOAM, <https://www.openfoam.com/> платформасын қолдана отырып, әуе кемелері корпусының пішінін оңтайландыру

1. Мәселенің жалпыланған тұжырымы: аэродинамикалық сипаттамаларын жақсарту және жалпы тиімділікті арттыру мақсатында әуе кемелері корпустарының пішінін оңтайландыру.

2. Негізгі міндет: аэродинамикалық кедергіні азайту және аэродинамикалық тиімділікті арттыру үшін әуе кемесі корпусының оңтайлы нысанын әзірлеу.

3. Мәселені шешу контексті: оңтайлы пішінді анықтау үшін OpenFOAM платформасының көмегімен әуе кемесі корпусының айналасындағы ауа ағынын сандық модельдеуді және симуляциялауды қолдану.

4. Шешімге әкелетін міндеттер («өнім»): 1) аэродинамикалық процестердің математикалық моделін әзірлеу; 2) корпус айналасындағы ауа ағынын модельдеу үшін OpenFOAM-да сандық модель құру; 3) қарсылықты азайту үшін симуляциялау нәтижелері негізінде корпусстың пішінін оңтайландыру.



Сурет ІІ9. OpenFOAM платформасында оңтайландыру мәселесін шешу

5. Мәселені шешуге көмектесетін теориялық білім: ауа ағынын модельдеуге арналған Навье-Стокс теңдеуі, аэродинамика принциптері және аэродинамикалық кедергіге әсер ететін факторлар, инженерлік қосымшалардағы пішінді оңтайландыру негіздері.

6. Мәселені шешудің үлгілік тәсілдері: әуе кемесі корпусының геометриялық модельдерін құру, OpenFOAM платформасының сандық әдістерін қолдана отырып ауа ағынын модельдеу, оңтайлы пішін параметрлерін табу үшін

оңтайландыру алгоритмдерін қолдану.


7. Стандартты емес жағдайды шешуге ықпал ететін кейсті шешудің әр кезеңіндегі мүмкін болатын әрекеттер: аэродинамиканың теориялық негіздерін зерттеу, әуе кемесінің геометриялық моделін құру, OpenFOAM-да сандық модельді әзірлеу және орнату, симуляцияны іске қосу және нәтижелерді талдау, оңтайлы пішін параметрлерін табу үшін оңтайландыру әдістерін қолдану.

8. Тапсырманы орындау кезінде туындауы мүмкін мәселелер: корпус айналасындағы күрделі ағымдар модельдеу, ұшудың әртүрлі режимдері мен қоршаған орта жағдайларын ескеру қажеттілігі, күрделі модельдеуді орындаудағы мүмкін есептеу қиындықтары.

9. Кейс мәселесін шешудің соңғы нұсқасы: OpenFOAM платформасында сандық модельдеу нәтижелері негізінде әуе кемесі корпусының оңтайлы формасын жасау. Алынған деректер әуе кемесінің аэродинамикалық сипаттамаларының тиімділігін арттыру мақсатында одан әрі инженерлік шешімдер үшін пайдаланылуы мүмкін.

II-мысал. SimScale, <https://www.simscale.com/>
платформасында электронды блоктағы компоненттердің температурасының таралуын модельдеу

1. Мәселенің жалпыланған тұжырымы: барлық электронды құрылғылар жұмыс кезінде жылу шығарады (П10-сурет). Бұл құрылғыларда қолданылатын компоненттер мен материалдардың максималды температурада жеке шектеулері бар.



Сурет. П10. Электрондық блоктағы компоненттердің температурасын таралуы

2. Негізгі міндет: жүйенің сенімділігін қамтамасыз ету және ақаулардың алдын алу үшін электронды блоктағы компоненттердің температуралық таралуын дұрыс басқаруды қамтамасыз ету.

3. Мәселені шешу контексті: интегралды схемалардың (ИС), интегралды схемалары бар электронды блоктардың электрлік параметрлері және олардың сенімділігі температураға байланысты. Осыған байланысты электрондық блоктың және оның элементтерінің температурасының таралуын білу қажет. Электрондық блоктың негізгі элементтері баспа платалары және оған орнатылған интегралды схемалар болып табылады. Модельдеуді қолдана отырып, баспа платаларының температуралық өрісін оның әр түрлі нүктелерінде, корпустар мен ИС кристалдарының температураларын жобалау кезеңінде болжауға болады.

4. Шешімге әкелетін міндеттер («өнім»): 1) объектінің жылу моделін әзірлеу; 2) жылу моделінде жылу беру процесінің математикалық моделін әзірлеу және сандық шешім әдісін таңдау; 3) температуралық режимді басқару моделін әзірлеу

және модельдеу жасау.


5. Мәселені шешуге көмектесетін теориялық білім: жылу беру процестері, жылу алмасу, конвекция, жылу өткізгіштік, жылу беру теңдеуін шешудің сандық әдістері.

6. Мәселені шешудің үлгілік тәсілдері: электрондық блоктың жылу режимін модельдеу кезінде блок конструкциясының негізгі элементтері, жылу ағындарының таралуының әртүрлі механизмдері мен жолдары, оның ішінде ИС корпустарының беттерінен кондукция арқылы корпусың шығыстары арқылы баспа платасына жылуды бұру, платадағы конструкциялардың элементтеріне, жылу және электр қосқыштары арқылы, плата бетінен ортаға жылуды бұру ескерілуі тиіс конвекция және т. б.

7. Стандартты емес жағдайды шешуге ықпал ететін кейсті шешудің әр кезеңіндегі мүмкін болатын әрекеттер: 1) АЖЖ моделін дайындау (автоматтандырылған жобалау жүйесі) және талдау түрін таңдау, оқу жобасын Workbench-ке импорттау (<https://www.simscale.com/workbench/?publiclink=59f9c463-29b2-4589-b1b3-9103baaa6915>); 2) CAD Mod ортасында сұйықтықтың ішкі көлемін генерациялап, жасау; 3) шекаралық бетке іргелес болатын корпусың бетін таңдау арқылы ішкі ағын көлемінің жұмысын құрастыру; 4) сұйықтықтың ішкі көлемін құруды шектейтін екі шекараны анықтаңыз (П11-сурет). Электрондық блок үшін корпусың алдыңғы және артқы жағын шекара ретінде таңдау; 5) «Байланысқан жылу беру v2.0» опциясын қолдана отырып, температура режимін басқаруды модельдеу; 6) симуляция жасау.

8. Тапсырманы орындау кезінде туындауы мүмкін мәселелер: жылу моделіндегі күрделі жылу беру процестерін модельдеу, модельдің әртүрлі параметрлерін ескеру қажеттілігі, күрделі модельдеуді орындаудағы мүмкін есептеу қиындықтары.

9. Кейс мәселесін шешудің соңғы нұсқасы: электрондық блоктағы температураны басқару моделі.



Сурет П11. Сұйықтықтың ішкі көлемінің шектерін анықтайтын шекаралық беттерді реттеу

12-мысал. SimScale, <https://www.simscale.com/> платформасында үлкен чип пен өткізгіштің жылу өткізгіштігінің өзгеруін модельдеу


1. Мәселенің жалпыланған тұжырымы: барлық электронды құрылғылар жұмыс кезінде жылу шығарады. Бұл құрылғыларда қолданылатын компоненттер мен материалдардың максималды температурада жеке шектеулері бар.

2. Негізгі міндет: сыртқы қабырғаның шекаралық жағдайын қолдана отырып, қоршаған ортаға жылу беруді модельдеу.

3. Мәселені шешу контексті: электрондық құрылғылар элементтеріндегі температура деңгейін төмендету өте өзекті мәселе болып табылады, оны шешу үшін әртүрлі тәсілдер қолданылады, соның ішінде электрондық құрылғылар элементтерінде таралатын қуатты төмендету, жылу кедергісі төмен микросхемалардың корпустарын қолдану, жылу қабылдағыштардың (радиаторлардың) чиптерінің корпустарына орнату, жоғары жылу өткізгіш шиналарды, жылу құбырларын орнату, үрлеуді қолдану арқылы жылу алмасуды күшейту.

4. Шешімге әкелетін міндеттер («өнім»): 1) үлкен чип пен радиатор арасындағы 8 Вт мК жылу өткізгіштігі бар 0,001 метр термопаст модельдеу; 2) ауа қозғалысы доменнен ауаны

соратын желдеткіштерден туындайды. Корпустың беті конвекция арқылы сыртқы ортаға жылу беруге көмектеседі. Электрондық блоктың сыртқы жылу беруді модельдеу үшін сыртқы домен жасалмайды. Құрылғы температурасы 20°C болатын ортада орналасқан (П12-сурет).




Сурет П12. Жұмыс процесінің схемасы

5. Мәселені шешуге көмектесетін теориялық білім: жылу беру процесері, жылу алмасу, конвекция, жылу өткізгіштік, жылу беру теңдеуін шешудің сандық әдістері.

6. Мәселені шешудің үлгілік тәсілдері: электрондық құрылғылардағы жылу энергиясын тиімді бөлу және қажетті жылу режимін қамтамасыз ету үшін жылу жобасы жүзеге асырылады, ол келесі міндеттерді шешуді қамтиды: әртүрлі пайдалану және сынау жағдайларында электрондық құрылғылардың және олардың элементтерінің температуралық өрістерін модельдеу (математикалық және компьютерлік); жылуды бұру элементтері мен жүйелерін жобалау (конвективті-ауа, өткізгіш-ауа, өткізгіш-сұйық, өткізгіш-буландырғыш, сұйық және т.б.); электрондық құрылғылар мен олардың элементтерін тиімді салқындату жүйесін құру.

7. Стандартты емес жағдайды шешуге ықпал ететін кейсті шешудің әр кезеңіндегі мүмкін болатын әрекеттер: 1)


«Модель» қойындысында ауырлық күшінің шамасы мен бағытын анықтау; 2) электрондық блоктың әртүрлі компоненттері үшін материалды таңдау (алюминий-корпус, мыс-негізгі плата радиаторы, кремний-платаға арналған чиптер мен конденсаторлар, трансформатор және т. б.) (П13-сурет); 3) модельдеудің бастапқы шарттарын анықтау (үлкен негізгі



Сурет П13. Материалды таңдау схемасы

платаның чипі мен негізгі плата радиаторының бастапқы температурасы), жылуды тарататын көлемді күтілетін нәтижеге жақын температурада инициализациялау, бұл модельдеудің конвергенция жылдамдығын жақсарта алады (электронды блок корпусының сыртқы желдеткіштерімен жабдықталған деп есептейік, олар электронды блок арқылы ауаны сорып алады); 4) температураны инициализациялау үшін қосалқы домен құру және температура мен бөлшектерді тағайындау (қосалқы домен мәнін 50°C етіп орнату); 5) электрондық блокқа ауа ағыны үшін табиғи конвекцияның шекаралық шартын анықтау. Бұл шекаралық шарт ағынның аймаққа кіруіне немесе шығуына, сондай-ақ егер ағын кірсе, температураның мәнін бекітуге мүмкіндік береді (П14-сурет); 6) қоршаған орта температурасының электронды блокқа әсерін анықтау. Электрондық блоктың айналасындағы ауа ағыны

модельденбейді сондықтан корпус пен қоршаған орта арасындағы конвективті жылу ағындарын есепке алуға жауап беретін корпусстың сыртқы беттері үшін жылу қабырғасының моделін қолдану қажет; 7) модельдеуді басқару параметрі: модельдеудің 1000 итерацияның соңына дейін жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін максималды жұмыс уақыты - 30 000 секунд; 8) нәтижелерді бақылау: шығу температурасы, көлемдік ағын, процессордың температурасы. шығу кезінде ауа температурасын бағалау үшін шығыс беттерінде ауданның орташа мәнін орнату. Бұл кезде қысым, температура, жылдамдық және т.б. сияқты осы беттерге қатысты физикалық деректер әрбір итерацияда бақыланады.



Сурет П14. Электрондық блокқа қолданылатын шекаралық шарттар

8. Тапсырманы орындау кезінде туындауы мүмкін мәселелер: жылу моделіндегі күрделі жылу беру процестерін модельдеу, модельдің әртүрлі параметрлерін ескеру қажеттілігі, күрделі модельдеуді орындаудағы мүмкін есептеу қиындықтары.

9. Кейс мәселесін шешудің соңғы нұсқасы: үлкен чип пен өткізгіштің жылу өткізгіштігін басқару моделі.

13-мысал. Molecular Workbench платформасында құрылымдық өзгерістердің әртүрлі ортадағы алтын нанобөлшектерінің термодинамикалық қасиеттеріне әсерін модельдеу

1. Мәселенің жалпыланған тұжырымы: MolecularWorkbench бағдарламасын қолдана отырып, әртүрлі ортадағы алтын нанобөлшектерінің термодинамикалық қасиеттеріне құрылымдық өзгерістердің әсерін зерттеу.

2. Негізгі міндет: виртуалды модельдеу арқылы алтын нанобөлшектерінің пішіні мен өлшемдерінің олардың әртүрлі ортадағы термодинамикалық қасиеттеріне әсерін анықтау.

3. Мәселені шешу контексті: алтын нанобөлшектерінің термодинамикалық сипаттамаларын зерттеу нанотехнология, беттік физика, катализ және медициналық диагностика сияқты әртүрлі салаларға тікелей қатысты.

4. Шешімге әкелетін міндеттер («өнім»): 1) әртүрлі құрылымдық параметрлері бар Molecular Workbench-те алтын нанобөлшектерінің виртуалды модельдерін жасау; 2) алтын нанобөлшектерінің әртүрлі қоршаған ортадағы пішіні мен өлшемдері өзгерген кездегі термодинамикалық қасиеттерінің өзгерістерін зерттеу; 3) нанобөлшектердің құрылымы мен олардың термодинамикалық сипаттамалары арасындағы тәуелділікті анықтау үшін алынған нәтижелерді талдау.

5. Мәселені шешуге көмектесетін теориялық білім: материалдардың термодинамикалық қасиеттері және олардың құрылымға тәуелділігі, нанобөлшектердің химиясы мен физикасының негіздері, беттік құбылыстар, қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі.

6. Мәселені шешудің үлгілік тәсілдері: MolecularWorkbench платформасында нанобөлшектердің құрылымы мен қоршаған орта параметрлерінің нанобөлшектердің термодинамикалық қасиеттеріне әсерін талдау бойынша виртуалды эксперименттер жүргізу.

7. Стандартты емес жағдайды шешуге ықпал ететін кейсті шешудің әр кезеңіндегі мүмкін болатын әрекеттер: сенімді нәтижелер алу үшін модельдеу параметрлерін таңдау, алынған мәліметтерді мұқият талдау және нанобөлшектердің

құрылымы мен олардың термодинамикалық қасиеттері арасындағы тәуелділіктерді анықтау.

8. Тапсырманы орындау кезінде туындауы мүмкін мәселелер: параметрлерді мұқият реттеуді қажет ететін модельдеу дәлдігінің жеткіліксіздігі, ақпараттың үлкен көлеміне байланысты алынған деректерді түсіндірудің күрделілігі.

9. Кейс мәселесін шешудің соңғы нұсқасы: алтын нанобөлшектерінің әртүрлі құрылымдық параметрлері және әртүрлі орталары бар Molecular Workbench платформасындағы виртуалды модельдеу нәтижелері және олардың термодинамикалық қасиеттерге, нанобөлшектердің құрылымы мен олардың термодинамикалық сипаттамалары арасындағы заңдылықтарға әсерін талдау.

14-мысал. Nanohub.org платформасында нанобөлшектердің әртүрлі түрлерінің жартылай өткізгіш наноқұрылымдардың электрондық қасиеттеріне әсері модельдеу

1. Мәселенің жалпыланған тұжырымы: Nanohub.org платформаны қолдана отырып, жартылай өткізгіш наноқұрылымдардың электронды қасиеттеріне нанобөлшектердің әртүрлі түрлерінің әсерін зерттеу

2. Негізгі міндет: Nanohub.org платформасында виртуалды модельдеу арқылы нанобөлшектердің әртүрлі түрлерімен әрекеттесу кезінде жартылай өткізгіш наноқұрылымдардың электрондық қасиеттерінің өзгеруін бағалау

3. Мәселені шешу контексті: нанобөлшектердің жартылай өткізгіш наноқұрылымдардың электронды сипаттамаларына әсерін зерттеу электроникада, фотоникада және сенсорлық құрылғыларда жаңа функционалды материалдарды жасау үшін өте маңызды.

4. Шешімге әкелетін міндеттер («өнім»): 1) Nanohub.org платформасында жартылай өткізгіш наноқұрылымдардың виртуалды моделін құру; 2) нанобөлшектердің әртүрлі түрлерін енгізу және олардың наноқұрылымдардың электрондық қасиеттеріне әсерін талдау; 3) әртүрлі нанобөлшектердің

әсерінен өткізгіштіктегі, аймақтық құрылымдағы және электрондық ұтқырлықтағы өзгерістерді бағалау.

5. Мәселені шешуге көмектесетін теориялық білім: нанобөлшектердің қасиеттері және олардың жартылай өткізгіш материалдардағы электрондық процестерге әсері, жартылай өткізгіштердің электрондық құрылымы және олардың негізгі сипаттамалары.

6. Мәселені шешудің үлгілік тәсілдері: 1) платформада виртуалды эксперименттерді модельдеу жартылай өткізгіш нанокұрылымдарға әсерін талдау үшін нанобөлшектердің әртүрлі түрлерін қолдану; 2) нанобөлшектердің нанокұрылымдардың электрондық қасиеттеріне әсерін анықтау үшін модельдеу нәтижелерін талдау.

7. Стандартты емес жағдайды шешуге ықпал ететін кейсті шешудің әр кезеңіндегі мүмкін болатын әрекеттер: 1) нәтижелердің дәлдігіне қол жеткізу үшін модельдеу параметрлерін реттеу; 2) нанобөлшектердің сипаттамалары мен нанокұрылымдардың электрондық қасиеттері арасындағы трендтер мен тәуелділіктерді анықтау үшін алынған деректерді талдау.

8. Тапсырманы орындау кезінде туындауы мүмкін мәселелер: параметрлерді қосымша реттеп орнатуды қажет ететін модельдеу дәлдігінің жеткіліксіздігі, ақпарат көлеміне және нанобөлшектер мен нанокұрылымдар арасындағы өзара әрекеттесу процестерінің күрделілігіне байланысты нәтижелерді түсіндірудің күрделілігі.

9. Кейс мәселесін шешудің соңғы нұсқасы: Nanohub.org платформасындағы виртуалды модельдеу нәтижелері жартылай өткізгіш нанокұрылымдардың электрондық қасиеттеріне әсерін бағалау, алынған деректерді талдау, нанобөлшектердің құрылымы мен нанокұрылымдардың электрондық сипаттамаларының өзгеруі арасындағы байланысты бағалау үшін нанобөлшектердің әртүрлі түрлерін пайдалану.

15-мысал. NanoHUB-U платформасында «Наноматериалдар мен нанодевайстарды модельдеуге және талдауға кіріспе» курсын әзірлеу

1. Мәселенің жалпыланған тұжырымы: NanoHUB-U платформасында «Наноматериалдар мен нанодевайстарды модельдеуге және талдауға кіріспе» курсы әзірлеу және ұсыну.

2. Негізгі міндет: NanoHUB құралдарын қолдана отырып, студенттерге наноматериалдар мен нанодевайстарды модельдеу мен талдаудың негізгі дағдыларын алуға көмектесетін білім беру курсы құру.

3. Мәселені шешу контексті: наноматериалдарды модельдеу және талдау негіздерін оқыту нанотехнология, электроника және материалтану мамандарын даярлау үшін өте маңызды.

4. Шешімге әкелетін міндеттер («өнім»): 1) теориялық негіздер мен практикалық модульдерді қоса алғанда, құрылымдық оқу материалын құру; 2) NanoHUB платформасында наноматериалдарды модельдеу және талдау дағдыларын меңгеру үшін оқу тапсырмалары мен практикалық кейстерді әзірлеу; 3) оқу тапсырмалары мен практикалық кейстерді орындау үшін құрылған курсқа қол жеткізуді қамтамасыз ету.

5. Мәселені шешуге көмектесетін теориялық білім: нанотехнология негіздері және наноматериалдардың құрылымы, нанотехнология саласындағы деректерді модельдеу және талдау принциптері.

6. Мәселені шешудің үлгілік тәсілдері: 1) наноматериалдарды модельдеудің теориялық аспектілері бойынша бейне сабақтар мен презентациялар жасау; 2) NanoHUB платформасында тәжірибелік сабақтарға арналған интерактивті модульдерді әзірлеу.

7. Стандартты емес жағдайды шешуге ықпал ететін кейсті шешудің әр кезеңіндегі мүмкін болатын әрекеттер: 1) студенттердің кері байланысын ескере отырып, платформада тестілеу және курсты бейімдеу; 2) студенттерге қиындық тудыратын негізгі ойларды анықтау және оларды жеңу үшін қосымша материалдар әзірлеу.

8. Тапсырманы орындау кезінде туындауы мүмкін мәселелер: NanoHUB платформасының инфрақұрылымындағы техникалық мәселелер, тақырыптың күрделілігіне байланысты

студенттердің материалды түсінуіндегі қиындықтар.

9. Кейс мәселесін шешудің соңғы нұсқасы: теориялық материалдар мен практикалық тапсырмаларды қамтитын NanoHUB-U платформасындағы «Наноматериалдар мен нанодавайстарды модельдеу мен талдауға кіріспе» оқу курсы.

16-мысал. EasyEDA, <https://easyeda.com/> платформасында барлық компоненттері бар баспа платаларын жобалау және өндіру

1. Мәселенің жалпыланған тұжырымы: жаңа электронды құрылғыны жасайтын инженер электр тізбегін тиімді жобалау қажеттілігіне тап болады. Ол функционалдылық пен икемділіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ете отырып, схеманы құру процесін жеңілдететін шешім іздейді.

2. Негізгі міндет: EasyEDA платформасын қолдана отырып, жаңа құрылғыға арналған электр тізбегін жобалау.

3. Мәселені шешу контексті: EasyEDA платформасы жобалау процесін қол жетімді және ыңғайлы ету үшін электр тізбектері мен баспа платасын жасауға арналған онлайн құралдарды ұсынады. Мәселені шешу электроника саласында жұмыс істейтін инженерлер, электронды құрылғылар жасаумен айналысатын студенттер үшін қызықты болады.

4. Шешімге әкелетін міндеттер («өнім»):

1) EasyEDA-да дайын компоненттер кітапханаларын қолдану (П15-сурет);

2) EasyEDA интуитивті визуалды редакторының көмегімен схемаларды құрастыру;


3) компоненттердің үйлесімділігі мен электрлік сипаттамаларын тексеру.

5. Мәселені шешуге көмектесетін теориялық білім: электр тізбектерінің негіздері, электронды компоненттердің сипаттамалары, электр тізбектерін жобалау принциптері.

6. Мәселені шешудің үлгілік тәсілдері: схемаларды визуалды жобалау үшін EasyEDA пайдалану, EasyEDA кітапханаларынан компоненттерді таңдау.

7. Стандартты емес жағдайды шешуге ықпал ететін кейсті шешудің әр кезеңіндегі мүмкін болатын әрекеттер: 1)


кажетті элементтерді жылдам іздеу және кіріктіру үшін EasyEDA құрамдас кітапханасын пайдалану; 2) EasyEDA интерфейсі арқылы компоненттерді визуалды орналастыру және қосу; 3) үйлесімділік пен ықтимал жақсартулар үшін схеманы талдау.



Сурет П15. EasyEDA платформасында кітапханаларды пайдалану мысалы

8. Тапсырманы орындау кезінде туындауы мүмкін мәселелер: жобалауға арналған онлайн платформаларды пайдалану тәжірибесі жеткіліксіз, компоненттер параметрлерін орнатудағы қиындықтар.

9. Кейс мәселесін шешудің соңғы нұсқасы: құрылғыны жобалау үшін пайдалануға дайын электр тізбегі (П16-сурет).



Сурет П16. EasyEDA платформасында жасалған схеманың мысалы

**Инженерлік және жаратылыстану-ғылыми
бағыттары бойынша студенттерді даярлауда
корпоративтік оқытудың инновациялық
нысандарын қолдану бойынша**

**ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР**

**Баспаға қол қойылды 25.04.2024
Қағазы офсеттік. Көлемі 11 баспа табак.
Таралымы 150 дана. Тапсырыс № 179.
Пішімі 60x84 ¹/₁₆.
«Типография Арко» ЖШС.
Қарағанды к., Сәтбаев көшесі, 15.**